

№18

/Сәрсенбі/

09 мамыр 2018 ж.

www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru

АЙГАК

М Е Д И А



ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ӘСКЕРИ ПАРАДҚА ҚАТЫСТЫ

Мемлекет басшысы «Отар» 40-шы әскери базасына келгеннен кейін, оған парад қолбасшысы – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің бас қолбасшысы, генерал-майор Мұрат Бектанов әскери парадты өткізуге және аумақтық әскерлер құрамаларына жауынгерлік туларды тапсыру рәсіміне дайын екендігі жөнінде баяндады, - деп хабарлайды ҚР Президентінің баспасөз қызметі.

Қазақстан Президенті ардагерлерге, сарбаздар мен офицерлерге арналған сөзінде Қарулы Күштер қауіпсіздігіміздің басты кепілі, Отанымыздың бейбіт өмірі мен егемендігіміздің берік тірегі болып саналатынын атап өтті.

– Қазақстанның әскери қызметшілері – барлық дәуірдің тарихындағы ең сұра-

пыл соғыста фашизмді жеңген батыр бабаларымыздың жауынгерлік ерліктері мен даңқын жалғастыратын лайықты ұрпақ. Біз олардың туған жеріміздің өркендеуі мен бейбіт өмірімізді сақтау үшін көрсеткен көзсіз батырлығы мен өшпес ерлігін әрдайым жадымызда сақтаймыз, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы еліміздің дәйекті әрі бейбітсүйгіш саясат жүргізіп отырғанын атап өтті. Бұл орайда Қазақстан әскері тәуелсіздігімізді күзетіп, Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы аясында ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге табысты атсалысып жатыр, сондай-ақ, Біріккен

Ұлттар Ұйымы шеңберінде маңызды бітімгершілік функцияларды лайықты атқарып келеді.

Елбасы мемлекет тарапынан армиямызға мейлінше қолдау көрсетіліп, оның әлеуетін нығайтуға зор мән берілетінін, Қазақстан 2030 жылға қарай заманауи, мобильді әрі жоғары кәсіби

армия жасақтау жөнінде мақсат қойып отырғанын атап өтті.

– Бұл үшін 2020 жылдан бастап қорғаныс саласына қажетті қаражат бөлінетін болады. Қауіпсіздікке төнетін жаңа сын-қатерлерге орай тиімді әрекет ету үшін, Арнайы операциялар-



дың жоғары мобильді күштері мен Аумақтық әскерлер құрылып, қорғаныс жүйесіне біріктірілді. Жаңа бөлімдер бүгін табыс етілген жауынгерлік туларды лайықты алып жүретініне сенімдімін, – деді Қазақстан Президенті.

Аумақтық қорғаныс бригадаларының жауынгерлік туларын облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне тапсыру рәсімінен кейін, Арнаулы операциялар күштерінің,

Мемлекеттік күзет қызметінің, Ұлттық ұланның, Әскери-теңіз күштерінің арнаулы мақсаттағы отрядының, сондай-ақ аумақтық әскерлердің әскери қызметшілерінің шеруге қатысушы құрамдары сап түзеп өтті.

Заңсыз қарулы құрылымдардың шартты базасын жою жөніндегі тактикалық эпизодтарды орындау барысында «Точка-У» тактикалық зымыран кешені

Жалғасы 3-ші бетте



Сурет www.sports.kz сайтынан алынды

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Г.ГОЛОВКИНДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Ағымдағы жылы мамырдың 5-і күні қазақстандық боксшы Геннадий Головкин американдық Ванес Мартиросянды екінші раундта нокаутпен жеңді.

Қазақстандық боксшы қарсыласын екінші раундта-ақ нокаутқа түсірді. Карсон қаласындағы StubHub Center аренасында өткен кездесуде Головкин бірінші секундтардан шабуылын үдете түсті. Мартиросян бірнеше соққысын дарыта алды.

Бокс кешін QazSport және Qazstan арналары тікелей эфирде көрсетті. Мемлекет басшысы Г.Головкинді WBC, WBA (Super), IBO тұжырымдары бойынша кәсіпқойлар арасындағы бокстан әлем чемпионы атағын қорғап қалуымен құттықтады.

Н.Назарбаев Г.Головкинге В.Мартиросянмен жекпе-жекте жеңіске жетуіне байланысты құттықтау жеделхатын жолдады, деп хабарлайды ҚР Президентінің баспасөз қызметі.

«Тартысты өткен жекпе-жекте сен өзіңнің спорттық шеберлігіңді тағы да дәлелдеп, чемпиондық атағыңды сенімді түрде қорғадың. Барлық қазақстандықтар сенің спорттағы зор жетістіктеріңді мақтан тұтады.

Сен өзіңнің талантың мен еңбексүйгіштігіңнің, қарапайымдылығың мен баршаға сүйкімділігіңнің арқасында бүкіл әлемдегі миллиондаған жанкүйердің жүрегің жаулап алдың. Осы қасиеттерің әрдайым бойыңнан табылып, жастарымыз үшін жарқын үлгі бола берсін», – делінген жеделхатта.

Н.ЖОЛДАСОВ ҚЫРЫМҒА АТТАНАР АЛДЫНДА ОҢТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯНЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Сәрсенбінің сәтінде «Нұр Отан» партиясы Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Жолдасов Қырым Республикасына аттанғалы отырған бір топ делегацияны қабылдады.

Игі тірлікке жол тартып бара жатқан топқа облыс мәслихатының депутаты Дулат Әбіш жетекшілік етуде. Делегация құрамында ҚР Білім беру ісінің үздігі, Елбасының курстасы, ОҚО «Құрметті азаматы» Марат Қыстаубаев, Қырым Республикасына қарасты Керчь қаласында ерлік көрсетіп қаза тапқан Нұрмахан Тұрсынбековтың туысы Айымхан Баймаханова, еңбек ардагері Махмұдбек Мухамедов, Созақ ауданының «Құрметті азаматы» Жұмабек Жүнісұлы, тағы басқа азаматтар бар.

Айта кетейік, Ресей Федерациясының құрамындағы Қырым Республикасына жол жүргелі жатқан топтың негізгі мақсаты – батыр жауынгерлердің ерлігін насихаттап, арнайы фильм әзірлеу, Түлкібас ауданында дүниеге келіп, Керчь қаласына қарасты Эльтиген селосында қаза тапқан қандасымыздың жатқан жеріне барып, белгі тас орнату. Сөйтіп, «Ұлы балалар



ізімен...» жобасы аясындағы жат жұртта қалған тарихи тұлғалар насихатталмақ.

3-12 мамыр аралығында Қырым елінде болатын топқа облыстағы «Нұр Отан» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Жолдасов сәтті сапар тіледі. Шымкенттегі «Даңқ» аллеясындағы мәңгі алауға гүл шоқтары қойылды.

Сапардың алғашқы күні облыстық мәслихаттың депутаты, Қазақстанның Құрметті журналисі, Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы Дулат Әбіш бастаған қоғамдық делегация Қырым Республикасына жетті. Сонан соң, Симферопольға ұшақпен жетіп, тарихи қала Бахчисарайға барып аялдады.

Жалғасы 3-ші бетте

Тағайындау

Әсет ҚҰРМАНҒАЛИЕВ -

«Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ басқарма төрағасы

ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі қызметінен босатылып, директорлар кеңесінің шешімімен «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ басқарма төрағасы лауазымына тағайындалды.

1993 жылы Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «заңгер» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 1983 жылы бастаған. Өр жылдары мемлекеттік органдар құрылымы мен коммерциялық кәсіпорындарда қызмет еткен. 1998 жылы ҚР Қорғаныс министрлігінің Құжаттама департаментінің құқықтық қамтамасыз ету қызметінің офицері болып тағайындалған. 1998-2005 жыл-



дары Қорғаныс министрінің аппаратында жұмыс істеді. 2005-2008 жылдары - Қорғаныс министрлігінің заң департаментінің басшысы. 2008-2009 жылдары «Нұр Отан» партиясы орталық аппаратындағы заң департаментінің директоры, ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «Нұр Отан» фракциясының аппарат басшысы болып еңбек еткен. Өр жылдары «Қазарнаулыэкспорт» РМК бас директорының міндетін атқарушы, бас директор, Астана қаласы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы қызметтерін атқарған. 2017 жылдан бастап 2018 жылғы сәуір айына дейін ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі лауазымын атқарды.

Қанат ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ

«Тау-кен-Самұрық» АҚ басқарма төрағасы



«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов «Тау-кен-Самұрық» АҚ басқарма төрағасы ретінде Қанат Құдайбергеновты таныстырды. Қанат Құдайбергенов 2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін «Қаратау» ЖШС бас директоры қызметінде жұмыс істеді, сондай-ақ, 2018 жылдың сәуір айынан бастап «Тау-кен-Самұрық» АҚ-ның басқарма төрағасы міндетін атқарды. Сонымен қатар, Қанат Құдайбергеновке «Тау-кен-Самұрық» АҚ-ның ұйымдық құрылымын реттеу жүктелді.

Естеріңізге сала кетейік, аталмыш компанияның бұрынғы басқарма төрағасы Мәжит Тұрмағамбетовтың келісімшарт мерзімі аяқталды және одан өрі ұзартылмады.

Қайыр РЫСКЕЛДИНОВ -

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы

Қайыр Өмірсадықұлы 1968 жылы Талдықорған облысында дүниеге келген. 1994 жылы Алматы зооветеринарлық институтын, 2008 жылы - «Фемида» заң академиясын тәмамдаған. Мамандығы бойынша - мал дәрігері, заңгер. Еңбек жолын 1986 жылы бастаған. 1986-1999 жылдары «Энергия» ұжымшарының қызметкері, бас мал дәрігері, республикалық ветеринариялық зертхананың жетекші маманы болып жұмыс істеді, сондай-ақ,



Алматы облысы Ішкі істер басқармасында қызмет етті. 1999-2004 жылдары «Орталық ветеринариялық зертхана» РМК-де басшылық қызметтер атқарып, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Зеренді аудандық аумақтық басқармасын басқарған. 2004-2007 жылдары - Ақмола облысының Егіндікөл және Шортанды аудандары әкімінің орынбасары. 2012 жылдың шілде айынан бастап, қазіргі таңға дейін Ақмола облысы, Қорғалжын

Ләззат ЖҮНИСОВА -

«Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС бас директоры



ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаевтың бұйрығымен Ләззат Жүнісова «Қазмедиа орталығы» басқарушы компаниясы» ЖШС бас директоры қызметіне тағайындалды.

Ләззат Олжабайқызы 1971 жылы дүниеге келген. Ол еңбек жолын 1996 жылы «Қазақстан» РТРК» АҚ-

"7-20-25" БОЙЫНША БАСПАНА АЛУ ҮШІН ЖАЛАҚЫ ҚАНША БОЛУЫ КЕРЕК?

Елімізде "7-20-25" бағдарламасымен ипотека алу үшін басыңызда баспана болмауы тиіс. Ұлттық банк төрағасы осы жаңа бағдарламамен қалай пәтер алу керектігін түсіндіріп берді.

Данияр Ақышевтың айтуынша, ең әуелі үй алғысы келетіндердің тұрақты жұмысы, жоғары жалақысы болуы керек. Қазір мемлекеттік бағдарламамен несие бере алатын сенімді банктер іріктеліп жатыр. Ал, үйлі болудың тағы қандай талаптары бар? Шаршы метр құны қанша болады? Бұл мәселені КТК журналистері анықтап көріпті. Әуелі үйлі болуы үшін, адамдар 4 шартты орындауы тиіс.

Өрқайсысына жеке-жеке тоқталған Ақышевтың айтуынша, алдымен азаматтар сатып алғысы келетін баспананы таңдайды. Кейін қажетті құжаттарды жинап, ипотека рәсімдеу үшін банкке барады. Бірақ, қай банк және қандай құжаттар жинауы керектігі жақында белгілі болады. «Қазір қаржылық жағдайы тұрақты, сенімді банктерді іріктеп жатырмыз. Шамамен, 10 банк мемлекеттік бағдарлама бойынша ипотека беретін болады. Ал, баспананың құны Астана, Алматы және Ақтау қалалары үшін 25 миллион теңгеден аспайды. Қалған өңірлерде жоғарғы баға 15 миллион теңге болады»,



- дейді Ақышев. Бірақ, шаршы метрге қол жеткізу үшін, азаматтардың басында басқа баспанасы болмауы керек. Өрі ипотеканы тоқтатпай төлеу үшін тұрақты жұмысы, жоғары жалақысы болуы да шарт. Егер осы талаптар орындалмаса тұрғындар "7-20-25" бағдарламасына қатыса алмайды. Мәселен, құны 12 миллион теңге тұратын пәтерді сатып алғыңыз келеді делік. Ол үшін алдымен үй бағасының 20 пайызы, яғни 2 миллион 400 мың теңгені төлейсіз. Қалған сома - 9 миллион 600 мың теңге. Оны банк 7 пайызбен 25 жылға несиеге береді. Сонда ай сайынғы төлеміңіз 68 мың теңгенің төңірегінде. Сонда жаңа бағдарламамен 12 миллионға шаршы метр алу үшін жалақыңыз шамамен 130 мың теңге болуы тиіс. Енді осы айдың соңына дейін "7-20-25"-тің барлық тегітері заң жүзінде бекітілуі тиіс. Кейін қаржы ұйымдары екінші жартыжылдық, яғни шілде айынан бастап ипотека бере бастайды.

Елорда.

ЕЛІМІЗДІҢ 6 ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ АТАНҒАН - ГҮЛІСХАН



Қазақстанның тұңғыш халықаралық дәрежедегі гроссмейстері, Қазақстан әйелдерінің 6 дүркін чемпионы, Әйелдер арасында Азияның күміс жүлдегері ҚР құрама командасының капитаны, Азияның 3-дүркін чемпионы, Құрылық аралық жарыстардың қола жүлдегері, Бүкіл әлемдік олимпиадада 4-6 орын, Әйелдер арасында Әлем біріншілігінде 4-орын, Халықаралық турнирлердің жеңімпазы, Орта Азия чемпионы, Универсиада чемпионы, Азия біріншілігінің күміс жүлдегері, Евразия кубогінің жеңімпазы.

Алматы қаласында 20.04-28.04.2018 ж. аралығында шахматтан ҚР-ның әйелдер арасында финалдық жарыс өтті. Қазақстанның 10 қызы жарысқа түсті. 2 халықаралық дәрежедегі гроссмейстер, 2 халықаралық дәрежедегі мастер, 3 мастер FIDE қатысты. Жарыста 9 ойыннан 8 ұпай жинап, халықаралық дәрежедегі гроссмейстер Нахбаева Гүлісхан жеңіске жетіп, Қазақстанның шахматтан әйелдер арасында 6 дүркін чемпионы атанды. 2 - орынды Қызылордалық Серикбай Ә. алса 3-орынды Павлодарлық гроссмейстер Анқуддинова Е. алды.

Ерлер арасында халықаралық дәрежедегі гроссмейстер Кажгалеев Муртас 11 ойыннан 8 ұпай жинап Қазақстанның шахматтан ерлер арасында чемпионы атанды. Екінші орынды Павлодарлық Д.Махнев, 3 орынды Қостанайлық П.Костенко иеленді.

да бастаған. 2002 жылы «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма мүшесі, 2004 жылы басқарма төрағасының бірінші орынбасары болды. 2009 жылы «Arna Media Production» ЖШС директорының орынбасары, 2010 жылдың маусымында «Телевизиялық жаңалықтар агенттігі» ЖШС директоры. 2010 жылдың 1 желтоқсанынан 2011 жылдың қарашасына дейін «Евразия+ОРТ» ЖШС бас директоры болды. 2011 жылдың қарашасынан 2018 жылдың мамырына дейін «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары қызметін

Бұл аптада кімдер туылған?

- 09.05.1954 ж. Қайрат Мәми Конституциялық Кеңес төрағасы, з.ғ.д.
- 09.05.1926 ж. Бейсенәлі Қырғызәлиев Келес аймақтық білім беру қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ Кеңесінің төрағасы
- 09.05.1951 ж. Жеңісбек Тұрғанов Ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты
- 09.05.1952 ж. Жұмат Жылықбаев "Төлеби автобус паркi" ЖШС директоры
- 11.05.1952 жж. Мұхит Әлі Төлеби ауданының Құрметті азаматы
- 12.05.1956 ж. Ислам Әбішев Қазақстан Республикасы АШМ Су ресурстары комитетінің төрағасы
- 13.05.1966 ж. Құрманәлі Қалдыбек Шәмшітанушы, композитор
- 15.05.1927 ж. Нұрмаханбет Әжіметұлы Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы

Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

БИЫЛҒЫ ПІТІР САДАҚА МӨЛШЕРІ БЕКІТІЛДІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 2018 жылға арналған ораза кестесі мен пітір садақа мөлшерін жариялады, деп хабарлайды Вақ.kz ақпарат агенттігі. Биыл ораза 16 мамырда басталып, 14 маусым күні аяқталады. Төралқа Мәжілісі мүшелерінің бірауызды шешімімен биылғы пітір садақа мөлшері – 300 теңге болып бекітілді. Пітір садақаны Рамазан айының бірінші күнінен ораза айт намазына дейін беруге болады

Анықтама
Пітір садақасы – дененің зекеті немесе нисап мөлшеріндегі байлыққа ие (85 грамм алтын) мұсылманның беруі тиіс садақасы. Пітір садақасын Рамазан айы басталысымен алғашқы күннен бастап-ақ беруге болады. Бұл садақаның Ораза айт намазына дейін берілгені дұрыс. Айт намазынан кейін берілген садақа пітір садақа емес, жәй гана садақа болып есептеледі.

Астана.

(Соңы. Басы 1-бетте)
Шеруде «Град» және «Прима» дүркіндетіп отшашу зымыран жүйесі, МСТА-Б және Д-30 зеңбіректері, «Солнцек» ауыр отшашқыш зымыран жүйесі, «Штурм-С» танкіге қарсы зымыран кешені және Ракета әскерлері мен артиллерияның басқа да қару түрлерінің мүмкіндіктері көрсетілді. Құрлық әскерлері және Әуе қорғанысы күштерінің әскерлері зымыран атып, бомба лақтырды, сондай-ақ барлық қару түрінен оқ атты. Әскери-әуе күштерінің майдандық және әскери авиациясының ұшақтары мен тікұшақтары аспанда әуе шайқасын көрсетті. «Жетісу Барысы» ұшқыштар тобы жоғары деңгейде шеберлік танытты.

Әскери парадқа 3 мыңға жуық жауынгер қатысып, 300 әскери техника мен қару-жарақ, 40 ұшу аппараты жұмылдырылды.

Соңында Мемлекет басшысы әскери техника мен қару-жарақтың заманауи үлгілерімен танысты, сондай-ақ, далалық жердегі ұрыста көрсеткен шеберліктері, оқ ату сәтін-

ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫ ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ӘСКЕРИ ПАРАДҚА ҚАТЫСТЫ

дегі мергендіктері және жауынгерлік дайындықтары үшін парадқа қатысушылардың бөріне алғыс білдірді.

– Әскери парад – сіздердің жауынгерлік шеберлік деңгейлеріңізді және даладағы жаттығуларға бейімделгендеріңізді нақты көрсетті. Парад Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік дайындығы мен кәсібилік деңгейінің одан өрі арта түсуіне септігін тигізеді деп сенемін. Баршаңызды Отан қорғаушы күнімен және алда келе жатқан Жеңіс күнімен құттықтаймын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Жалпы, Мемлекет басшысы өткен аптада жоғары әскери және арнаулы атақтар, сынштық шендер мен мемлекеттік наградалар тапсыру рәсіміне қатысқан болатын. Рәсімге қатысушыларға арналған сөзінде Елбасы Қазақстанда Отан қорғаушы күні мен Жеңіс күнін мерекелудің маңыздылығын және еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде әрбір әскери қызметшінің зор рөл атқаратынын атап өтті.

– Жауынгерлер әрдайым Отан үшін отқа түсуді парыз санаған. Бұл – жай сөз емес. Біз

мұны Ұлы Отан соғысы тарихындағы ерлік істерден және ата-бабамыздан қалған мұралардан білеміз. Өрқашан осылай болған және бола береді. Еліміз өз армиясы мен құқық қорғау органдарын бағалап, құрмет тұтады, сондай-ақ сіздерді адал өрі қалтқысыз қызмет етеді деп сенеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Соңында Мемлекет басшысы салтанатты шараға қатысушылардың барлығын Отан қорғаушы күнімен және Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтады.

Рәсім барысында ІІ дәрежелі «Даңқ» орденімен – М.Таласов, М.Құсайынов, М.Сатов, Қ.Жақыпбаев, І дәрежелі «Айбын» орденімен – Д.Құрмашев, А.Төлеуов, ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен – Ж.Жақыпов, А.Калинин, Д.Пластовец, «Құрмет» орденімен – Э.Омарова, «Ерлігі үшін» медалімен – Ф.Әлеуханов, В.Калмыков, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен – Н.Залмұқанов марапатталды.

Шолушы.



Суретте: М.Қыстаубаев, Ж.Жүнісұлы, М.Мухамедов, Ж.Алибеков

1945 жылы АҚШ президенті Ф.Рузвельт, Ұлыбританияның мемлекеттік және саяси қайраткері У.Черчилль және Кеңес Одағының басшысы И.Сталин Ялта конференциясы аясында бас қосқан болатын. Сондай-ақ, сол кездері Ф.Рузвельт бастаған американдық делегация дәл осы жерде тұрған.

Аталған сарай 1974 жылдан бері туристердің үзілмейтін орны. Ұлы Отан соғысымен байланысты бағдарлама аясында қоғамдық делегация тарихи сараймен танысып аралады.

Ливадия сарайы 1861 жылдан бастап Александр ІІ-нің және император әулетінің жазғы резиденциясы болды.

Ал, 1993 жылдан бастап Ливадия сарайы музей мәртебесін алды. Бүгінде мұнда келуші туристердің қатары көп.

хан Султанның туған жері.

Екі рет Кеңес Одағының Батыры атағын алған Амет-хан Султан 603 рет өуеге көтеріліп, фашистің жүздеген ұшағын жарған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде оның есімі бүкіл Кеңес Одағында дүркіреп тұрды. Алайда, бейбіт күні батырдың бейнесі біраз уақыт тасада қалды. Дегенмен, ұшқышты жерлестері дөріштеп, атынан мұражай ашты.

Әуедегі жаужүрек ерлігімен аңызға айналған батырдың туған жерінде болған қоғамдық делегация Амет-хан Султан мұражайымен танысты. Сондай-ақ, Қазақстаннан келген қонақтарға батырдың өмірінен сыр шертетін деректі фильмнен үзінді көрсетілді.

Амет-хан Султан екі рет Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Біздің мақтаншымыз Талғат

солақай саясаттың салдарынан тағдырдың тауқыметімен Қазақстаннан пана тапқан қырым татарлары ұрпақтарының үйінен дәм татты.

1944 жылы мамыр айында Л.Берияның бұйрығымен үш күннің ішінде Қырымнан 180 мыңнан астам Қырым татарлары депортацияланады. Яғни, 50 мыңға жуық отбасы Қырымнан күштеп көшірілген. Олардың 30 мыңнан астамы алғашқы жылы аштық пен суықтан құрбан болғандар. Бұл бұйрықтың артында тікелей Сталин тұрды.

Сол кездегі солшыл саясаттың құрбаны болғандар жол бойы тамақ пен су бермегендіктен Қырым татарларының есептеулері бойынша, алғашқы депортацияланғандардың 46% қаза болған. Ал, аман қалғандары ата

“АЙҒАҚ” ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ ҚЫРЫМ ЖЕРІНДЕГІ ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Түлкібас ауданында дүниеге келіп, Қырымның Керчь қаласына қарасты Эльтиген селосында қаза тапқан Ұлы Отан соғысының жауынгері Нұрмахан Тұрсынбековтың жатқан жеріне барып, белгітас орнатуды мақсат тұтқан оңтүстікқазақстандық делегация сапардың алғашқы күнін ауқымды түсірілімдерден бастап кетті. «Ұлы бабалар ізімен...» жобасы бойынша тарихтан белгілі Қырым хандығын құрған тұлғалар туралы арнайы бағдарлама дайындалатын болады.

Облыстық мәслихаттың депутаты, Қазақстанның Құрметті журналісі, Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы, ОҚО Қоғамдық кеңесінің мүшесі Дулат Әбіш бастаған қоғамдық делегация Бахчисарай қаласындағы Қырым хандары жерленген мұсылман зиратында болып, бабалар рухына Құран аяттарын түсірді. “Газы Мансур” мұсылман зиратында Қырым хандарының кесенесі бар. Осында жерленген 18 адамның арасында Қырым хандығын құрған, Қажыгерей мен Бахчисарайдың негізін қалаған Сақыпгерей хандар да бар.

1500 жылы салынған Зинжырлы медресесін де көру бақыты бұйырды. Бұл медресе - төрт ғасыр бойы, Кеңес үкіметі орнаған кезге дейін, Қырымдағы ислам діни білім орталығы болған.

Тарихи орындардан бастау алған “Айғақ” телеарнасының арнайы жобасының назарынан теңіз дең-

гейінен 500 метр биіктікте орналасқан Жанике ханымның кесенесі де тыс қалған жоқ. Тарихы XV ғасырға тиесілі Жанике ханымның кесенесі бүгінгі күнге дейін сол күйінде сақталған. Чуфут-кале үңгір қалашығының оңтүстік-батысына қарай жар басында бой тіктеген. Алтын Орда хандығының тарихи мұраларымен тығыз байланысты. Бахчисарай тұрғындары бұл кесенені заманында “Кале-Азиз”, “Кыз-Азиз” деп те атаған. 1437 жылы Тоқтамыс ханның бұйрығымен, қайтыс болған қызы Жаникеге арнап кесене тұрғызылады. Жанике кесенесінің солтүстігінен Қырым тауларының әдемі көрінісі мен Ашлама-дере жазығының керемет көрінісінің куәсі бола аласыз. Делегация құрамындағы Елбасының курстасы, Оңтүстік Қазақстан облысының “Құрметті азаматы” Марат Қыстаубаев, жауынгер Нұрмахан Тұрсынбековтың жиен қарындасы Айымхан Баймаханова, Созақ ауданының «Құрметті азаматы» Жұмабек Жүнісұлы, еңбек ардагері Махмұдбек Мухамедовтер аталмыш орындарды аралап, жергілікті халықтың мәдениетімен таныс болды.

ҚОҒАМДЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯ-ҚЫРЫМДАҒЫ ӘЙГІЛІ ЛИВАДИЯ САРАЙЫНДА

Қырымда игі тірлікпен жүрген қоғамдық делегация Ливадияский сарайына экскурсия жасады. Аталмыш сарайда Ұлы Отан соғысынан кейін, осы жерде бірнеше рет ел тағдыры талқыға түскен. Яғни,



Суретте: Қазақстаннан атамекеніне оралған Қырым татарларымен бірге.

Әйгілі сарайда Қазақстаннан барған қоғамдық делегация болды. Бұл туралы толығырақ “Айғақ” телеарнасынан алдағы уақытта көре аласыздар.

ДЕЛЕГАЦИЯ ӘЙГІЛІ ӘСКЕРИ БАТЫР ҰШҚЫШТЫ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ БОЛДЫ

Қырым Республикасында жүрген оңтүстікқазақстандық делегация Қара теңіз жағалауындағы Ялтадан 17 шақырым қашықтықта орналасқан Алупкада болды. Алупка тек өсем табиғатымен ғана емес, өз өмірін аспанмен байланыстырған әйгілі ұшқыш Амет-

Бигелдинов те дәл осы ержүрек ұшқыш секілді екі рет Кеңес Одағының Батыры атанған болатын. Қос бірдей тұлға да діні мен ділі ортақ түркі халықтарының аяулы перзенттері.

ҚЫРЫМ ТАТАРЛАРЫ: “ҚАБЛАНБЕК БІЗДІ ЖҮРЕГІМІЗДЕ”

Оңтүстікқазақстандық қоғамдық делегация мен “Айғақ” телеарнасының түсірілім тобының Қырым Республикасындағы сапары өз жалғасын табуда. 10 күнге жоспарланған бағдарламаның бесінші күні XX ғасырдың ортасында

қонысынан айрылып, Қазақстан еліне қоныстандырылады. Дегенмен, қазақтардың қонақжайлылығының арқасында жергілікті жерге тез сіңісіп, өмір сүріп кеткен болатын.

Қазақ елі тек Қырым татарлары ғана емес, сол кезеңдердегі депортацияға ұшыраған талай ұлттың жылы ұясына айналған. Сол кездегі депортацияланған Қырым татарларының біразы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданындағы Қабланбек ауылына тұрақтаған болатын. Солардың ұрпақтары бүгінде ата-қонысы Қырым жеріне қайта барған. Қабланбектен ата-жұртына қоныс аударған қырым татарларымен қоғамдық делегация мүшелерімен жүздесіп, делегация жетекшісі Дулат Әбіш қазақ халқының даналығы туралы кітапты сыйға тартты.

Яғни, жерлестердің бірінің үйіне арнайы барып, қазақтардан дарыған қонақжайлылығының куәсі болып, дастархандарынан дәм татты. Үй иелері келген құдайы қонақтарын жақсы көңіл күймен шығарып салды.

Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ

ҚОШҚАР АТА ЖАҒАЛАУЫ ЖАҢА КЕЛБЕТКЕ ЕНБЕК

Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы болып табылатын Шымкент қаласы күннен-күнге көз алдымызда көркейіп келеді. Шымкент қаласының еліміздегі үшінші қала мәртебесіне лайық болуы үшін, шаһардың туристік мүмкіндіктерін де өркендету қолға алынған. Әсіресе, қала келбетін жаңартуда сәулетті ғимараттар саны жыл санап артып келеді. Дана халқымыздың «Ырыс алды - ынтымақ» деген аталы сөзі бар. Халықтың ынтымағы, татулығы, бір-біріне деген құрметі - ел өркендеуінің кепілі.

Оңтүстік Қазақстан облысының өкімі Жансейіт Түймебаевқа Шымкент қаласының жаңа келбеті бойынша жасалған жобалар таныстырылды.

Ең алдымен аймақ басшысына қала өкімі Нұрлан Сауранбаев «Ескі қаланы жаңғырту» жобасы аясында Қошқар ата өзенінің жағалауында бой көтеретін «Қошқар ата» тұрғын үй кешенінің макетін таныстырды. Жаңадан салынатын тұрғын үй кешенінің құрылысы үш кезеңнен жүргізіледі. Жоба толығымен жүзеге асса, 208 мың шаршы метрді құрайтын, 3976 пәтерлі 61 көп қабатты тұрғын үй ел игілігіне тапсырылатын болады.

Сондай-ақ, облыс өкімінің назарына «Қарасу» және «Қошқар ата» өзендерінің бойында жүргізілетін абаттандыру жұмыстарының жоспары ұсынылды. Жоба бойынша онда алдымен өзен жағалауының енінен 10 метр, ұзындығы 1200 метр жер халық қыдырыс-тайтын демалыс орнына айналады. Бүгінде аталған жоба аясында Ордабасы алаңынан Өзбек көшесіне дейінгі өзен бойымен жүріп өтетін 300 метр аяқ жол көгалдандырылып, абаттандыру жұмыстары жүргізілді.


Алдын ала дайындық жұмыстары кезінде мамандар өзен бойынша заңсыз иемденіп алған 96 жер учаскесін анықтаған. Бүгінде халыққа түсіндіру жұмыстары жүр-

гізіліп, қажетті жерлер мемлекет қажеттілігіне қайтарылуда.

Жобалармен танысып шыққан аймақ басшысы, атқарылып жатқан жұмыстарға халықты түсініктікпен қарауға шақырды.

«Қошқар ата Шымкенттің тарихи орталығы саналатын керемет жер. Жаратылыстың мұндай ғажап мекенін бүкіл халықтық игілікке айналдыруды басты мақсат етеміз. Өзеннің жағалауын абаттандыруды тек қана экологиялық тазалық деп түсінбеу керек. Мұнда туризм индустриясы деген үлкен мәселе жатыр. Қонаққа келген шетелдіктердің тамашалауына сәулетті ғимараттар азық етеді. Олар негізінен тарихи-мәдени жерлерге көбірек қызығушылық танытады. Осы ретте Қошқар ата өзенінің үлкен мөңге ие екенін түсінуіміз керек. Яғни, осы арқылы туристерді көптеп тартуды көздеп отырмыз», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Айта кетейік, Қошқар ата ерекше мәдени-тарихи маңызға ие, киелі мекен деп танылады. Себебі, өзен жағалауында Қошқар ата кесенесі орналасқан. 2010 жылы жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын аумақ мәртебесін алды. Өзеннің бастауынан Ордабасы алаңына дейінгі аумаққа шамамен 1,5 шақырым жерде қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, абаттандырылды. Ал, жалпы Қошқар



ата өзенінің ұзындығы 78 шақырымды құрайды.

Су-өмір нәрі. Сондықтан да, халықта «Бұлақ көрсең - көзін аш» деген тамаша сөз бар. Қошқар бұлақ көрсе көзін ашып, тұрғындардың суды мейлінше кеңінен пайдалануына мүмкіндік берген. Сондықтан да, қарапайым халық ол барып, көзін ашқан бұлақтың айналасын аяқ баспайтындей етіп, қышпен қалап, шеңгелмен қоршап отырған. Сондықтан, елімізде Қошқаратаның атымен аталатын ауыл да, өзен де, кесене де көп. Тіпті, көршілес жатқан өзбек пен қырғыз ағайындар да «Қошқар атаның» шарапатын сезінген көрінеді. Шежірешілердің айтуына қарағанда, кең байтақ Қазақ жерінде тап осы атауды иеленген 11 ауыл бар екен...


Ортағасырлық сәулет өнерінің қорын толықтырған Қошқар ата кесенесі - Қазығұрт ауданындағы Тұрбат ауылында. Тарихшы Еркебай Бүрлібайұлы Мұхтар Әнуарбектің зерттеуіне сүйене келе, «Қаратау аймағының халқы бұл мекенді Қошқар ата ауылы деп атайды» деп тұжырымдайды. Биіктігі екі қабатты үйге ұқсайтын өулиенің сағанасы «Қошқар ата» өзенінің иіріліп ағатын беткейінде орналасқан, көп қырлы конус тәрізді күмбезді бір бөлмелі кесене желкен тәрізді қуыстармен безендіріліп, архитектуралық ерекшелікпен шебер қаланған. Керемет биік болмаса да, көзге әдемі әсер қалдыратын ғимарат осы қалпында-ақ Оңтүстіктегі киелі мекендердің тізімінен ойып тұрып орын алып, «Қошқар ата»

кесенесі деп құрметпен аталады.

Бұдан бөлек, облыс өкіміне Д.Қонаев даңғылы жалғасының құрылысы жобасы ұсынылды. Екі кезең бойынша жүргізілетін жол құрылысының I кезеңінде Түркістан көшесінен Өйтеке би көшесіне дейін, ұзындығы 580 метр, ені 42 метрді құрайтын жол құрылысы жүргізілсе, II кезеңде Өйтеке би көшесінен Володарский көшесіне дейін, ұзындығы 480 метр, ені - 42 метр болатын құрылыс жұмыстары атқарылмақ.

Осы күні Ж.Түймебаев бастаған жұмысшы топ пен бірқатар журналистер Қошқар ата өзенінің бойымен «Shymkent Plaza» ойын-сауық орталығына дейінгі бірнеше шақырым жерді жаяу аралап, өзен бойындағы және «Ескі қалашық» аумағындағы жүргізіліп жатқан жұмыстарды көрді. Сонымен қатар, «Арбат» пен №11 шағын ауданындағы каналды абаттандыру бойынша жасалған жоба таныстырылды.

Шымкент - еліміздің үшінші мегаполисі. Бұл үшін қала халқының саны миллионға жетуі тиіс. Ал, Шымкенттің бұл межеге жетуге мүмкіндігі мол. Өйткені, өзге өңірлерге қарағанда, халық ең тығыз қоныстанған шаһар болып есептелінеді.



Шымкент қаласы еліміздің үшінші мегаполисі атанғандықтан, шаһардағы халықтың саны күн санап өсуде. Соған сәйкес, мегаполисте көлік санының көбеюі де заңдылық. Мәселен, облыста өткен жылы тіркелген автокөліктердің саны 500 мың бірліктен асып жығылады. Осыған байланысты, облыс кө-

да, «Интеллектуалды көлік жүйесі» жобасы бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылатын болады. Осы жаңа жүйе бойынша «ақылды» бағдарламалар орнату қолға алынып отыр. Олар кептеліс болмау үшін, жүргізушілерді көлік қозғалысы аз көшелерге бағыттады. Бүгінде мұндай

КӨЛІК КЕПТЕЛІСІН РЕТТЕЙТІН ЖҮЙЕ

лемінде, соның ішінде Шымкент қаласындағы жол-көше желілері мен көлік ағындарын басқару мәселесін шешу мақсатында интеллектуалды көлік жүйесі ендіріле бастады.

Иә, қаладағы көлік кептелісінің мәселесін шешу халықтың әлеуметтік жағынан жағдайының жасалынғандығы. Сондықтан Иә, қаладағы көлік кептелісінің мәселесін шешу халықтың әлеуметтік жағынан жағдайының жасалынғандығы. Сондықтан

бағдарламалар қаланың Адырбеков пен Жібек Жолы көшелерінің қиылысында орналасқан. Ал, осы жылы 12 бағдарламалар орнату жоспарланған болса, оның ішінде екеуі ақылды бағдарламалар. Жалпы қалада көше қиылыстарының өткізгіштік қабілетігін 269 бағдарламалар кешендері қамтамасыз етеді.

Интеллектуалды көлік жүйесінің тағы бір кезеңі - фото және бейнежазба жүйесі. Бұл бойынша Шымкент қаласында барлығы 992 фото-бейнежазба құрылғылары орнатылған. Соның ішінде 479 камера жол ережелерін бұзған көлік құралдарын анықтаса, 513 камера жалпы шолуға арналған. Барлық бейне бақылау камералары Қалалық Ішкі істер басқармасындағы Шұғыл басқару орталықтары арқылы жіті қадағаланады.

Бұдан бөлек, жаңа жүйеде қоғамдық

көліктерді бақылау және электрондық билеттеу де қаралған. Мәселен, Шымкент қалалық қоғамдық көлік желісі 78 бағыттан тұрады. Барлық автобустар деректерді нақты уақыт режимінде мәлімет беру құрылғысымен (GPS) толығымен жабдықталған. «Диспетчерлік қызмет орталығы» жұмыс жасайды. Ал, қаладағы қоғамдық көліктерге электронды билет жүйесін ендіру бойынша «SMART-ЖКХ» ЖШС-гі мен ағымдағы жылдың ақпан айында меморандум түзілген.

Тұтастай алғанда, облыс өкімдігі тарапынан Интеллектуалды көлік жүйелерінің негізгі компоненттерін ендіру және дамыту бойынша жұмыстар бекітілген Жол картасына сәйкес, республикалық бірыңғай жүйеге кезең-кезеңімен интеграциялау арқылы жүзеге асатын болады.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам дегеніміз - Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1 бабы 1 тармақшасына сәйкес - мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам.

Дархан ҚАЛТАЕВ -

ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрі



«Мемлекет басшысының тапсырмаларын сапалы орындау үшін интеллектуалды, сараптамалық және ұйымдастырушылық ресурстарды біріктіру қажет. Өңірлермен бірлесіп,

сондай-ақ жобаға жастарды және «100 жаңа есім» жобасының қатысушыларын қатыстыру маңызды».

Елбасы тапсырмаларын орындау аясында ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрілігі «Нұр Отан» партиясы және Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірлесіп, бірыңғай жалпы құндылықтарды қалыптастыру негізі ретінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетін танытуға бағытталған жаңа жобаны жүзеге асыратын болады.

Кездесу қорытындысымен қатысушылар «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша ғылыми-ағартушылық жобаны іске асыру жоспарын әзірлеуді ұсынды. /Baq.kz /

Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ -

ҚР Ұлттық экономика министрі

«Үш күнге созылатын АЭФ-та екі күн бойы қатысушылар жандық мәселелерді талқыласа, үшінші күні негізгі спикерлер қалып, Қазақстан үкіметімен және сарапшылармен бірге алты бағыт



ЖАУАПТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

бойынша жұмыс істейтін болады. Мұндағы негізгі мақсатымыз форум кезіндегі барлық идеяларды қағазға түсіріп, лайық ұсыныстар болса, оны елімізде іске асыру болмақ».

«Дүниежүзілік банктің мәліметінше, болашақта мамандықтардың 57%-ы қажет болмай қалады, яғни ол мамандықтармен адам емес роботтар айналысатын болады. Бұл дегеніміз еліміздегі секторлардың көп бөлігін дәстүрлі салалар қамтиды, мысалы ауыл шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі, мұнай-газ өндіру және т.б. Біз форум барысында мұның бәрі Қазақстан экономикасына, жоғарыда айтылған салаларға қалай әсер ететінін, адамдардың жұмыс істеуі үшін, бір орында тоқтап қалмай алға жылжу үшін, не істеу керек екенін форум сессиясында талқылайтын боламыз», - деді министр. //Baq.kz//

Бақыт СҰЛТАНОВ -

ҚР Қаржы министрі



«2018–2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның іске асырылуы туралы қаржы министрі Бақыт Сұлтанов

баяндады.

Жоба Мемлекет басшысының 27 сәуірде Бес әлеуметтік бастаманы қаржыландыру үшін қол қойған, осы жылдың республикалық бюджетіне өзгерістер енгізу туралы заңын жүзеге асыру мақсатында әзірленген.

Қаржы министрінің айтуынша, жалпы алғанда, нақтылау кезінде бюджет шығындары 417 млрд теңгеге ұлғайды. Осылайша, өңірлерге мақсатты ағымдағы трансферттерді бөлу — 99,7 млрд теңгеге өсіп, 293,6 млрд теңгені құрайды, ал дамуға мақсатты трансферттерді бөлу — 98,4 млрд теңгеге артып, 449,3 млрд теңгені құрайды.

Республикалық бюджеттік инвестициялар, жарғылық капиталды толықтыру мен 18,3 млрд тг несиелерді қоса алғанда, азақда, нәтижесінде жалпы сома 424,8 млрд теңгені құрайды.

Жеңіс ҚАСЫМБЕК -

ҚР Инвестициялар және даму министрі

Ақы алу және жинау, жолаушыларды жол жағдайы туралы ақпараттандыру жүйесі енгізіліп жатыр. Биыл жалпы ұзындығы 469 шақырым болатын Астана — Теміртау, Алматы — Қапшағай және Алматы — Қорғас учаскелерінде төлем жүйесін



енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сонымен бірге, мобильді қосымшаны әзірлеу, жол жүру кезінде байланыссыз төлем алу үшін RFID белгілерді және де бейне, камераларды, метеорологиялық өлшеу құралдарын, жүргізушілерге арналған ақпараттық тақталарды орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарын (ААӨК) қолданған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, жүйені енгізудің бірінші жылында құқық бұзушылық фактілері 50–80%-ке төмендеген. Биыл осындай 12 жүйені іске қосу және 2020 жылға қарай оның санын 46-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Жол активтерін басқару жүйесін енгізу, жолдардың жағдайы туралы егжей-тегжейлі мәліметтер негізінде жолдарды жөндеу және күтіп ұстау жұмыстарын атқаруға бөлінген шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Қалаларға арналған ЗКЖ негізгі төрт компоненті анықталған. Оның екеуі барлық облыс орталықтарында міндетті түрде енгізілуі тиіс: «Фото мен видео арқылы анықтау жүйесі» және «Жолаушылар көлігіне мониторинг жасау және электронды билеттермен қамтамасыз ету жүйесі».

«Жол қозғалыстарын басқару жүйесі» бағдарламалардың дыбыстық басқару көмегі арқылы қиылыстардан өту мүмкіндіктерін арттыруға арналған.

«Тұрақтарды басқару жүйесінің» басты функциясы — жалпы жол-көлік жағдайын қалыпқа келтіру үшін, үлкен қалалардың тұрақ орындарын пайдалануды оңтайландыру.

«ЗКЖ жобаларынан басқа, азаматтық авиация мен теміржол салаларында белгілі бір бағытта мен процестерді цифрландыру жобалары бар», — деді Ж. Қасымбек.

Қанат АЛПЫСБАЕВ -

«Қазақстан Темір жолы ҰҚ» басшысы



Қ. Алпысбаев Компанияның жүк, жолаушылар тасымалы, теміржол инфрақұрылымы және көлік логистикасы сынды негізгі операциялық сегменттерінде заманауи ақпараттық жүйелердің өндіріске енгізіліп жатқанын хабарлады.

«Цифрлық темір жол» стратегиясы 21 жобаның орындалуын көздейді, оның екеуі «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша іске асырылуда», — деді «ҚТЖ» басшысы.

Жолаушылар тасымалында тапсырыс берушілерге көрсетілетін қызмет сапасын арттыру көзделген. Жолаушылар тасымалында электронды билет алу технологиясы баламалы түрде интернет ресурсын пайдалану арқылы

жүргізіледі. Пойыздардағы бос орындар ашық көрсетіледі, «күту парағы» және «пойыздар рейтингі» функциялары бар. Қазіргі таңда 17 мыңнан астам терминал қамтылған. 2017 жыл қорытындысы бойынша жалпы билет сатып алудың 64%-ын электронды билеттер құрады. Мұны 2020 жылға дейін 90% жеткізу жоспарланып отыр.

«Қазіргі таңда клиенттердің өтінімдерін 24/7 режимінде орталықтандырылған басқару желісін енгізу жоспарда бар, бұл клиенттердің арыз-шағымдарына жедел әрекет етуге мүмкіндік беріп, кері байланысты дамытады», — деді Қ. Алпысбаев.

Мультимодальдік тасымалдар саласындағы цифрландыру процестері транзиттік контейнерлік тасымалды дамытуға бағытталған. Қазіргі таңда электронды биржаға арналған бірыңғай платформа құрылған. Оған 1700-ден астам клиент қатысуда. «Қорғас — Шығыс қақпасы» АЭА процестерін автоматтандыру жүйесі енгізілген. Бұл көліктің өтуін 10 минуттан 30 секундқа дейін қысқартты. Қатысушылардың тіркелу кезіндегі шығынын €2000-дан €200-ға дейін қысқартып, жемқорлық қауіптерін төмендетеді.

«Тапсырыс беруді өңдеу уақытын қысқарту мен аса оңтайлы логистикалық бағдарды анықтау мақсатында, «бір терезе» қағидасы бойынша мультимодальді тасымалдарды басқарудың біріктірілген платформасы енгізіліп жатыр», — деді Қ. Алпысбаев.

Жүкті теміржол тасымалдарына да ақпараттық жүйелер енгізілуде. Олар тасымалдау процесін ұйымдастырудың тиімділігін арттырады, тауарларды уақытында жеткізуді және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, басқа теміржол өкімшіліктерінің шекараларын кесіп өту рәсімдерін жеңілдетеді.

«Компания жүктерді онлайн режимде қадағалау қызметтерін енгізді, жүк қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және жүктің рұқсат етілмеген қол жеткізу әрекеттеріне тез арада жауап қайтаратын электронды құлып құрылғыларының жүйесін, «Келісімшарттық және коммерциялық жұмыс» автоматтандырылған жүйесін енгізді. Жүк тасымалдау үшін 100% «қағазсыз» өтініш беру, сондай-ақ ҚР ҚМ КҚД «Астана-1» ақпараттық жүйесімен біріктіру жүзеге асырылды», — деп мәлімдеді Қ. Алпысбаев.

Компанияда «Цифрлық темір жол» аясында шығындарды оңтайландыру, жолдың цифрлық диагностика жобасын енгізу, пойыздардың қозғалысын және 17 теміржол вокзалының цифрлық сервистерін басқару орталығының жұмысын жетілдіру шаралары жүргізіліп жатыр.

Алдын ала бағалау бойынша, Стратегия жобаларын іске асырудан түсетін жалпы экономикалық тиімділік 115 млрд теңгені құрайды.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік **Бетті дайындаған Айдар ДИДАР.**

ОҢТҮСТІКТЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІНЕ



Құрмет көрсетілді

Оңтүстік Қазақстан облысында Жеңістің 73 жылдығына орай майдангерлерге құрмет көрсетілді. Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» қабылдау үйінде ардагерлерге арнап мерекелік дастархан жайылып, концерттік бағдарлама ұсынылды.



Мерекелік жиынға қатысқан Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев пен қала әкімі Нұрлан Сауранбаев Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен және тыл еңбеккерлеріне сый-құрмет жасап, бейбіт өмір сыйлаған аға ұрпаққа алғыстарын жеткізді. Бүгінгі еліміздің өркендеуі мен бірліктің бұзылмас қамалы осынау мерекенің жемісі, ардагерлердің ерлігі екенін айтқан өңір басшысы, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне ұдайы қамқорлық көрсету-бүгінгі ұрпақтың перзенттік парызы екенін атап өтті.

«Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар. Біз осындай жандардың ерліктеріне сай сый-құрмет көрсете отырып, олардан өнеге алып өсетін жас ұрпақ Отанына адал қызмет етеді деп сенеміз. Сіздердің және ерлігімен есімдері тарихымызда жазылған батыр

бабалардың алдында өлшеусіз қарыздармыз. Елбасымыз майданнан оралмаған жауынгерлеріміздің есімдерін мәңгі ел есінде сақтауда және арамызда жүрген ардагерлеріміз бен тыл еңбеккерлерін ардақтауда өр-

қашан мемлекеттің қамқорлығы болатынын айтып, жарқын бастамаларға жол ашып келеді. Сондықтан да, ақтаңдақ жылдардағы ел азаматтарының жаужүректілігі мен тыл еңбеккерлерінің ерен еңбек-

теріне біз әрдайым құрметпен бас иеміз», - деді облыс әкімі. Сонымен қатар мерекелік кездесу барысында облыстық және қалалық ардагерлер кеңесінің төрағалары мен майдан және тыл ардагерлері сөз сөйлеп, қазіргі кезде мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан құрмет, қолдауларға ризашылықтарын білдірді. Шара концерттік бағдарламамен өз жалғасын тапты. Жалпы Ұлы Отан соғысына Оңтүстік Қазақстан өңірінен 140 мыңнан астам адам аттанып, олардың жартысына жуығы туған жерге оралмаған. II Дүниежүзілік соғыста жанқиярлық ерлігі үшін оңтүстік-қазақстандық 51 азамат Кеңес Одағының Батыры атағы, 8 майдангер «Даңқ» орденінің иегері атанды. Жаужүрек қайсарлығы үшін мыңдаған ардагерлеріміз түрлі орден, медальдармен марапатталды. Бүгінгі таңда өңірімізде 174 Ұлы Отан соғысының ардагері, 4885 майданға қатысушылар мен мүгедекке теңестірілгендер және 15733 тыл еңбеккерлері бар.



Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Жеңістің 73 жылдығы қарсаңында соғыс ардагері Мұраталы Төлепбергенұлын Ұлы Жеңіс күнімен арнайы құттықтап барып, сыйсияпат жасады.

Өңір басшысы қарияға екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі жанкешті ерлігі мен еңбегі үшін алғыс айтып, ұрпақтың бақытты болашағы үшін отқа түскен майдангерге мықты денсаулық пен ұзақ өмір тіледі. «Ұлы Отан соғысын-

дағы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің орасан зор үлесі бар. Сіздердің қан майданның алдыңғы шебіндегі ерліктеріңіздің, тылдағы ерен еңбектеріңіздің арқасында қазақстандықтардың бүгінгі ұрпағы келісіммен бейбіт өмір сүруде. Бұл Отан қорғаудағы отансүйгіштіктің, көпұлтты таулықтың теңдессіз үлгісі болып тарихта жазылып қалды», - деді әкім.

Майдангер өзін құттықтай келген аймақ басшысына алғысын білдіріп, өзінің ақ батасын берді. Сондай-ақ, өңірдің өркендеуіне, қарыштап дамуы жолында жасап жатқан еңбегіне көңілі толатындығын жеткізді.

Бүгінде тоқсаннан асып отырған ардагер кезінде Беларусь майданында болып, Одер өзенінен

өту, Украина, Беларусь жерлерін азат етуде ерлік көрсеткен. Брест қамалы, Варшава, Данск, Виссмарк, Биттенбург, Перлеберг қалаларының шайқасына қатысқан. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін: II-ші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған.

Германияның Биттенбург қаласында жауынгерлік жолы жеңіспен аяқталған майдангер елге 1950 жылы оралған. Соғыс ардагері 2 ұл 6 қыз өсіріп, 19 немере, 10 шөбере сүйіп отыр.

Айта кетейік, Мұраталы Төлепбергенұлына 2014 жылы мемлекет тарапынан Шымкент қаласынан пәтер берілген.



Сондай-ақ, Шымкент қаласының әкімі ардагерлерді Ұлы Жеңіс күнімен құттықтады.

Қала әкімі Нұрлан Сауранбаев соғыс ардагерлері Айтжан Бекназаров пен Абылай Қазыбаевтың үйінде қонақта болды. Емен-жарқын кездесуде ақсақалдар соғыс

жылдарын еске алып, әкіммен қаланың дамуы туралы әңгімелесті.

Шаһар әкімі соғыс ардагерлерін Жеңіс мерекесімен құттықтап, қарт жауынгерлерге зор денсаулық, отбасыларына молшылық тіледі, сыйсияпат табыс етті.

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ БОЙЫНША ОҚО КӨШ БАСТАП ТҰР

Оңтүстік Қазақстан облысында 2018 жылғы көктемгі мерзімде 2 мыңға жуық азамат әскерге аттанады. Бұл еліміздің басқа өңірлерімен салыстырғанда 2 немере 3 есеге дейін артық. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ОҚО Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, полковник Т.Әліқұлов мәлімдеді.

Департамент басшысы әскерге баруға ұмтылатын жастардың қатары артып келе жатқанын айтады. «Әскерге сұранып тұрған жастардың қатары өте көп, бізді осы жағы қатты қуантады. Жалпы әскерге шақырту алған азаматтарды түрлі саладағы әскери бөлімдерге топтастырып, жіберіп отырамыз. Мәселен, қазірдің өзінде Қазақ-




стан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Шекара қызметіне 500-ге жуық, Мемлекеттік Күзет қызметіне 26 азамат жөнелтілді. Жалпы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 700-ге жуық, Ұлттық Ұланға 1000-ға тарта әскерге шақырылушы жөнелтіледі», - деді Талғат Шымкентбайұлы.

Аудандық, қалалық медициналық комиссиялар дәрігер-маман-

дармен 100 пайыз жасақталған. Облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментінің медициналық бақылау комиссиялары 144 дәрігер-маманмен қамтылған. Жалпы өңірде қалалық, аудандық қорғаныс істері жөніндегі басқарма, бөлімдерінде 15 медициналық комиссиясы жұмыс істейді.

Айта кетейік, облыстық жинақтау бекеті гимаратында әскерге шақырылушыларға арналған 60 кереуеттік 10 бөлме, әскери бөлімдердің өкілдерін орналастыруға арналған 10 кереуеттік 2 бөлме бар. Сондай-ақ, әскерге шақырылушыларға арналған үш мезгіл тамақтану, паш алу, жуыну бөлмелері ұйымдастырылған.

Бетті дайындаған: Балнұр ЖАНЫСБАЕВА.



Суретте: Қ. СПАТАЕВ

елдімекенінде 1942 жылдың қыс айында стратегиялық маңызы зор кескілескен ұрыс басталады. Спатаев 13-ші жеке атты-артиллериялық дивизионы 61-ші атты әскери дивизияның 4-ші корпусы құрамында болды. Аталған корпус Сталинград қоршауы басталғанға дейін Ортаазиялық әскери аймақтан темір жол арқылы Сталинградтан оңтүстікке қарай орналасқан ауданға шұғыл түрде жіберілген еді. 1942 жылдың 26-шы қарашасында Сталинград түбінде өткен қиян-кескі шайқаста Кеңес әскерлерінің жаудың 36 танкісі үш жақтан қоршайды. Қ. Спатаев минометімен дәл көздеп, танкілер-

мен Шарнұт елдімекенінің басшылары, Калмыкия Республикалық қазақ мәдени орталығының төрағасы мен мүшелері құрметпен қарсы алған болатын.

Міне, араға 3 жыл салып Оңтүстікке делегацияны Калмыкия Республикасының Еңбек сіңірген мұғалімі, Ресей Федерациясы халық ағарту саласының үздігі, Шарнұтовский орта мектебінің директоры Клара Джорджиева бастап келді.

Айтып өтейік, делегация құрамында «Жерлестер» қазақ мәдени орталығының мүшесі, Альфия Уахасова, Шарнұтовский орта мектебінің мұғалімі Александр

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

райында шырқалған патриоттық өндердің орындалуын Калмыкияның делегациясы ерекше тебіреніспен қарсы алды.

1942 жылдың 17 шілдесі. Бұл Сталинград қаласының маңында қанды шайқас басталып, көк аспаны қара түнекке айналған күн. Волга, қазақша Еділ өзенінің жағасына жайғасқан шаһарға неміс фашистері тап беріп, үсті-үстіне бомбыны лақтырып жатты. Сол сәтте Кеңес Үкіметінің әскерлері жан-жақтан бас қосып, әрбір үй үшін, қарыс қадам жер үшін бастарын қауіпке тігіп, жан аямай шайқасты. Дон мен Еділ өзенінің бойындағы Сталинград майданы 200 күнге ұласып, қаланың қақпасы мәйіттен босамады. Сондықтан, фашистер Сталинградқа баратын жолды «өлім соқпағы» деп атап, сол кездегі оқиғаны қорқынышты түске теңепті. Дүниежүзі тарихында қанмен жазылған Сталинград шайқасы 1943 жылдың ақпан айында аяқталып, Жеңіске Кеңес Одағының әскерлері қол жеткізді. Дәл осы майданға 90 мыңға жуық қазақстандық қатысып, өлім қаупіне елең етпей, маңызы зор үлес қосты. Сталинград шайқасы үшін Қазақстаннан шыққан Ұшқыш Н.Әбдіров, минометші Қ.Спатаев, полк командирі Т.Позолтин, взвод командирі Г.Рамаев Кеңес Одағының Батыры атанып, ел намысын көтерді. Алайда, майдангерлерге көбіне Ресей елінің топырағы бұйырып, жыраққа жер жастанды.

Бүгінгі шара қонақтарын мерекелік бағдарлама аяқталған соң, Теміран ауылында орналасқан французша және еркін күрестен әлем чемпионы Қажымұқан мұражайының жәдігерлерімен таныстырды.

Қ.Спатаев 1918 жылы Ордабасы ауданына қарасты Төрткүл ауылында дүниеге келген. Мектепте орта білім алғаннан соң, 1931 жылдан соғысқа дейінгі кезеңде өзінің туған ауылы бұрынғы Шаян, қазіргі Бөйдібек ауданы «Көктөбе» колхозында есепші болып жұмыс жасайды.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ

Кеңес Одағының батыры Қарсыбай Спатаевтың 100 жылдық мерейтойы туған жерінде тойланды. Ордабасы ауданының Спатаев елдімекеніндегі орта мектепке де батырдың есімі берілген. Ұлы Жеңістің 73 жылы тұсында атаулы датаны атап өткен ордабасылықтар Калмыкия Республикасының делегациясымен бірге мерейтойдың маңыздылығын аша түсті. Иә, халқының ғана емес, Кеңестер Одағы батырының сүйегі Ресей Федерациясындағы Калмыкия Республикасының Шарнұт елдімекенінде мәңгілік мекенін тапқан. Спатаев есімін иеленген орта мектеп алдына батырдың мүсіні қойылған. Ескерткішке тағзым жасап, гүл шоқтарын қойған шара қонақтары қазақ халқының меймандостығына кәу болып, арқажарқа амандасып жатты. мерейлі мерекенің құрметті қонағы ретінде Қарсыбай Спатаевтың қызы Аташова Нағима арнайы шақыртылды. Батырдың ұрпағы Қарсыбайқызы Нағима Ордабасы ауданы, Бадам елдімекенінде тұрады. 1941 жылдың желтоқсанында дүниеге келген. Сұрапыл соғыс жылдарында туылған ол талай қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткерген. Бүгінде 77 жасты алқымдаған ақ жаулықты әжей келешек ұрпаққа өз өмірімен өнеге болып, қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысып жүр.

«Ер өлмейді. Ерлік ұмытылмайды» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға ұласқан жиынды Ордабасы ауданының әкімі Рашид Қайыпжановтың өзі жүргізіп отырды. Аталмыш шараға Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері, ауданның «Құрметті азаматтары», мектеп директорлары да шақыртылған.

Алдымен, Қарсыбай Сыпатаевтың өмір жолы туралы өңгімелер айтылды. Облыстық ата-аналар кеңесінің төрағасы, республикалық «Ұстаз нұры - информ» газетінің бас редакторы Әнуарбек Бейсе мен Бөйдібек ауданындағы «Алғабас» газетінің бас редакторы, жазушы-журналист Абзал Әділбеков те делегациямен бірге конференцияда сөз сөйлеп, батырдың ерлігін ұлықтады.

Қарсыбай Спатаев екінші дүниежүзілік соғыстағы ең бір шешуші шайқастардың бірі – Сталинград майданының оңтүстік батыс жағалауындағы Барманцак және Цаца көлдерінің аралығындағы майдан шебіндегі ұрыста ерекше ерлік жасайды. Қазіргі Ресей Федерациясы құрамындағы Калмыкия Республикасы, Шарнұт

ҚАРСЫБАЙ СПАТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ!



мен келе жатқан жаяу әскерді атқылап тоқтатады. Ол бойындағы бар ерік-жігерін жинап, Отан астындағы парызын бөрінен биік санап, қолындағы қопарғыш затпен шынжыр табанды танкінің астына түсіп, жарып жібереді. Иә, конференция барысында тарихтан тағылым айтылып, болашақ ұрпаққа аманатталды.

Волгоград қаласынан 200 шақырым қашықтықта жатқан, Қарсыбай батыр жаудан азат еткен Шарнұт елдімекенінде батырға арнап мүсін орнатылғанымен, есімі бұған дейін жазылмаған болатын. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында «Айғақ» телеарнасының бастамасымен арнайы ескерткіш тақтайша жасалды.

Облыстық мәслихаттың депутаты, Қазақстанның Құрметті журналисі Дулат Әбіштің бастамасымен Туған жердің сағынышы мен сәлемі болып жеткен тақтайша батыр мүсінінің маңына қойылған еді. Қаһарман қазақ ұлының рухына тағзым жасалып, Құран оқылды.

Батырдың ерлігін қасиет тұтқан азаматтар кезекті рет Калмыкия жеріне сапар шекті. Бұл жолы оңтүстіктен келген топты Калмыкия Республикасы Мәдениет министрінің орынбасары Николай Санджиев, Сарпинский ауданы



Суретте: Калмыкия делегациясы ғылыми-тәжірибелік конференцияда

Яндонов, «Жерлестер» қазақ мәдени орталығының мүшесі Зулпан Уталиевалар бар.

1941-1945 жылдардағы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі ретінде тарихқа мәңгі енді. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!

Ұлы Жеңіс... Бұл сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн.

Төрткүл ауылының саябағында жалғасқан мерекелік шарада сахналандырылған қойылым арқылы жиылған көптің көзіне жас алдырған өртістер ерекше образды өздігінше орындап берді. Ауыл азаматтары мен жастар да жүректерді тебірткен көріністің куәсі болды. Иә, Ұлы Отан соғысы жылдарының озбырлығын сезіндіруге осындай қойылымдар мен түрлі кинолардың өсері басым болары хақ. Ал, Мәдениет са-

Ал, ел басына қауіп төнген шақта, батырдың Түгелбай, Сапарбай және Базарбай есімді бауырлары майданға аттанған.

Тұңғыш рет ұрысқа кіргеннің өзінде миномет оғымен жаудың жаяу әскерінің бір взводуна дейін жойып жібереді. 5 айдан соң яғни, 1943 жылдың 17 сәуірінде Қарсыбай Сыпатаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Салтанат ТОЙБОЛОВА.

Мерейтой

Ордабасы - жер кіндігі, ел бесігі

Туған жерге тағзым

Қараспаным туған жерім - Мысырым,
Атамекен ақ алтынды Отаным.
Өзегімді өртеп ұшты үш ырым;
Сен - бесігім, халқым - анам, ботамын!
Жіпсіз бота еледейді ауды аса,
Қабырғамды теуіп жатыр текті өлең.
Жеңіл елес жүрегімді жауласа-
Өмірді емес, өзімді де жек көрем!
Менің ауылым тірі тарих... Ер көзі,
«Қобыланды өскен өлке»- деседі.
«Көк көрпеден көк жіп қалса»... ел сөзі:
Отты өлкеден - өрелі өрен өседі.
Пай, пай, Ақжол, Молотов ауыл, бесігім-
Арықожа- ақын атам жырлаған.
Садықбек сері, Дулат аға - несібім
Бөрі Иса- домбырасын бұлғаған.

Қызығы көп...бұзығы көп қаланың,
Ауылда ғой бауырмалдық, адамдық.
Мура жеген баласымын даланың-
Мына менен шыға қоймас надандық.
Асау-Арыс, Ордабасым-думанды ел
Бал балалық-алтын уям «Жамбылда»,
-Беу, жерлестер! Шақырады туған жер!
Елдің тойын ер тойы деп қабылда!
Әбдіхалық ӘБДІРӘЙІМҰЛЫ



Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданындағы жыр алыбы Жамбыл атындағы орта мектеп асқаралы 90 жасқа толғалы отыр. «Бірліктің бесігі, елдіктің есігі» атанған Қараспан өңірінде Қорқыт ата туған, Арынқожа ақын жырлап өткен алтын аймақтағы білім ордасында Кеңестер Одағының Батыры Бейсен Оңтаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері жазушы Бекен Әбдіразақов, ақын-жазушы Ныштай Мұхиддин, Нұриддин Жарболов, Дінмұхаммед Ыдырысов, Зиядин Исабеков, Дулат Исабеков, Садықбек Адамбеков, Қосжан Мүсірепов, Бөрі Иса, Әбдіхалық Әбдірайымұлы, Жомарт Сейтбеков, Мұхан Байбосынов, Айдар Сейдіәзім, Мұхтар Ибраһымов, Нұрлан Сейітбек, тағы да басқа мықтылар білім алып, қанаттарын қатайтқан. Торқалы той қарсаңында мектеп түлектерінің білім ордасы туралы әр жылдары жазған сағынышқа толы естеліктері өткен өмірден сыр

Өмір — үлкен мектеп,
өмірдің өзі — ұлы ұстаз!

Кітаптың үшінші тарауы «Ұядан ұшқан түлектер, тарам-тарам тағдыр жолы» деген айдармен баяндалады. Мен сол тарам-тарам тағдыр жолдарын бастан кешіп келе жатқан мектеп түлектерінің бірімін. Бір сыныпта үлкенді-кішілі араласа оқып, білім алған мектебіміздегі балалығымызды бізден ешкім де ажырата алмас. Бесінші сыныпта оқып жүргенімізде сыныптағы бір қызымыз тұрмысқа шығып кеткенде, бөріміз аң-таң боп қала берген едік. Сөйтсек, ол қыз бізден 5-6 жасқа ересек екен ғой.

Қараспан өңірінің қаз-қатар жатқан ауылдарын айтпағанда сонау Қалаштың балалары келіп оқитын біздің Жамбыл атындағы мектебіміздің тарихына жылмен санағанда тоқсан жыл толыпты, ал менің өмірімде бір гасырға тұратын оқиғаларды бастан кешірген екенбіз деп ойлаймын. Біз оқыған уақытта бұрынғы Молотов ауылындағы қырда орналасқан жетіжылдық мектеп болатын. Біз бітірген жылы мектепте 350 бала оқыды. Бүгінде бізге дәріс берген ұстаздарымыздың ешбірі де қалмады. Жатқан жерлері жайлы, иманды болғыр ұстаздарымды оқта-текте есіме алып қоямын. Олар бізді жан-тәнімен жақсы көруші еді. Оларды мен профессор, академик еді немесе білімдері арнасынан тасып жатушы еді деп айта алмаймын, бірақ олар оқушы

Дулат ИСАБЕКОВ -

Жамбыл атындағы орта мектебінің 1956 жылғы түлегі, көрнекті жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, мемлекет және қоғам қайраткері, туындылары венгр, неміс, поляк, чех, болгар, түрік, қытай, орыс, ағылшын тілдерінде жарияланып, пьесалары С.Петербург, Омбы, Лондон, София, Мәскеу театрларында қойылған тұңғыш қазақ драматургі.



Өмір мектебі

балалардың жүрегіне өте жақын, олардың психологиясын меңгерумен қатар алға қарай талпындыра білетін, өмірдің ащы-тұщысын татқан, үнемі қамқорлық танытып, мейіріммен қарайтын жандар еді. Көпшілігі соғысқа қатысып келген кісілер болғандықтан, бейбіт күннің қадірін жиі еске алып отыратын. Жақсы оқитын оқушыларға ерекше құрметпен қарайтын мұғалімдер ақшамыз болмай қалған уақыттарда киноға билет алып беріп, көңілімізді көтеріп қоятын және үлкен үміт сыйлайтын.

Сол мейірім сол уақытта ауылдастардың, ағайын-туыстардың арасында да қатты білінетін. Бірін-бірі сағынатыны соншалық, қуана қауышып, бір-бірімен мөресөре болып көрісіп жататын. Мал сойса басына, сиыры туса уыз көжесіне шақырып, сыбағасын бөліп беріп жататын. Бала емізіп отырған келіннің «көкірегі ісіп қалады», «дөметіп қалады» деген ұғым-

дар болушы еді. Бала кезімізде көзбен көрген сол мейірімге толы ұғымдар бүгінде жайлап-жайлап келмесе кетіп барады. Біз сол сағыныш пен мейірімге толы төрбиеде тербеліп өстік. Бір-біріне деген бауырмалдықтың, сағыныш пен мейірімнің арқасында ғана халқымыз басына түскен қиыншылықты жеңіп шықты деп айта аламын.

Соғыстан кейінгі сол кезеңдерде көпшілігінің әкелері, көкелері, аға-бауырлары соғыстан қайтпай, қамқөңіл боп жүрген балаларға мұғалімдер жанашырлықпен қарайтынын кейін есейе келе түсіндік. Біз сол 55-60 жылдарға дейін соғысқа кеткен әкелерімізді, көкелерімізді күтумен болдық. Сол уақытқа дейін бірен-саран кісілер бірінің аяғы ақсақ, бірінің қолы шолақ күйінде соғыстан келіп жатты. Қырдың басынан үш-төрт аттылы кісі көрінсе шешеміз: «Әкелерің келе жатқан жоқ па? Тамның үстіне шығып қараңдар-

шы!» дейтін. Келе жатқан салт аттылардың алдынан жүгіріп шығушы едік. Сөйтіп жүріп, есейіп кеткенімізді, тарам-тарам тағдыр жолына қалай түсіп кеткенімізді өзімізде білмей қалдық.

Жамбыл мектебінің қабырғасында өткен жеті жыл өмірім менің бар ғұмырыма жетерлік азық болып келеді. Бала кездегі қиыншылық, қызығы таусылмайтын суға шомылған сәттер, «қашақ», «қызыл май», «шірдек», «тақия теппек» ойындары, жігіт болып, еңбекке араласа бастаған шағымыз бөрі де сол мектеп қабырғасынан бастау алады. Ал, жетіжылдық мектептен кейін мен Арыс қаласында және Бадам станциясында жоғары сыныптарда оқыдым. Ол мектептердегі оқиғалар қадау-қадау ойымда қалды, бірақ Жамбыл мектебі сияқты менің ойсанамды байыта алмады. Сондықтан, менің ғұмырымда осы жылы тоқсан жылдығы тойланғалы отырған мектебіміз-Өмір

мектебіне айналды. Халқымызда «Кітап-ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» - деген халық даналығы бар. Қашанда халық айтса, ешқашан қалып айтпайды. Халықтың игілігіне жазылған қайбір кітап болмасын, өз дәрежесінде берер азығы болады. Еліміздегі білім мен ғылымның барлық саласында жазылып, халықтың игілігіне жарап жатқан кітаптардың алтын қорына бөріміз оқып, куә болып отырған осы «Алтын ұя» кітабы еніп отыр. Мектеп тарихы жазылған бұл кітаптың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынғаны біздің мектебіміз үшін үлкен жетістік. Ауылымыздағы бізге дейін бастауыш болып ашылған мектеп біздің кезімізде жетіжылдыққа, бізден кейін орта мектепке айналды. Сол орта мектептің оқу үздігі болып табылатын кітап авторының осы еңбектің желісімен деректі фильм түсіру туралы іс-әрекеті кейінгі ұрпақтар сабақтастығы тарапынан биік бағаланатын рухани азық болып қалары анық.

Біз гасырға татырлық уақыт ішінде талай оқиғаларды бастан кешіріп, жүздеген ұстаздар мен мыңдаған оқушыларды түлетіп ұшырған. Өмір мектебінің тоқсан жылдығы құтты болсын! Мектеп қуанышының атап өтілетіндігі туралы хабарламалар мен шақырулардың алдын-ала бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғанына да куә болдық. Мектеп тарихында ізі қалған ұстаздарды мерейлі тойымен құттықтаймын!



Дінмұхамет Аппазұлы ЫДЫРЫСОВ -

мектептің 1982 жылғы «Алтын медаль» иегері, техника ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық-инженерлік Академиясының академигі. (03 наурыз, 2016 жыл).

Ел тарихында елеулі жыл ретінде қалатын 2017 жылы Жамбыл орта мектебінің тоқсан жылдығын атап өту туралы бағдарлама қолдауға тұрарлық бастама деп санаймын. Себебі, мектеп қабырғасында

Ұстаздарды ұлықтау - ұлы бастама

еңбек еткен барша ұстаздарымыздың біліктіліктерінің арқасында болар, білім деңгейі шынында жоғары болды. Жоғары біліммен қатар, жолға қойылған төртіп те қатал болатын. Сол ұстаздарымыздың талап етуінің нәтижесінде сабақты жақсы

оқыдық және өмірден өз орнымызды таба білдік. Осыған орай, елдің ортақ мүддесін дәріптеуге бағытталып жазылып жатқан кітап келер ұрпақ алдында ұлы бастаманың басы әрі өткен өмірдің куәсі болып қала бермек.

сол ұстаздарымыздың бірі өз әкеміз болды. Ол кісі дәлізді жағалап, шу шығып жатқан кластарды аралап, босаған кластардың тазалығына мән беріп жүретін. Аяқ тартамызы соншалық, алдымыздан шығып қалған жағдайда, оқушылар бәріміз бір қатармен дәлізді жағалап өтіп кететінбіз. Сол кездегі мектептің оқу ісінің меңгерушісі Абдрасилов Нүридин, химия пәнінің мұғалімі Сейітбеков Жандар, математика пәнінің мұғалімі Мылтықбаева Шакизада, т.б. ұстаздар құрамының да төртбі қатал, білімдері терең еді. Сол кісілердің талаптарының жоғары болғандығынан болар, мектеп оқушылары аудандық, облыстық олимпиадалардан жүлделі орындарды алып қайтатын. Әкем өз балаларының білімі мен төртбі жөнінде жұмыс орнында жайсыз жағдайлар орын алып, жағымсыз сөз ергенін қаламайтын. Сол үшін үйде өңгімеге, ойынға алдандырған болып, балалық ойымызды оқып отырса керек, нәтижесінің алдын алып отыратын. Мектеп қабырғасы былай тұрсын, жоғары оқу орнына түскенімде де; «Сен өзінді жақсы жағынан көрсете алмасаң, бірінші өзіңе ұстаздық еткен ата-ананды, екінші оқыған мектебеңді ұятқа қалдырасың» деп қамшылап жіберген болатын. Оқуға түскенімде бас-аяғы 150-дей курстастардың арасында 33 студент медалист болып шықты. Курстас медалистердің үштен бірі қалалық жердегі мектептердің түлектері еді. Маған шынында да сол қала мектептерінен келген түлектері еді. Маған шынында да, сол қала мектептерінен келген түлектердің білім деңгейі басым түсе ме деген ой маза бермеді. Әке сөзінің салмағы бір жағынан қорқыныш ой салса, екінші жағынан қатты жігерлендірді деп ойлаймын. 1-ші семестрдің нәтижесі бойынша 33 медалистің ішінде 2 ғана студент «өте жақсы» деген бағаларға бітіріп, ауылға қуанып барғаным өлі есімде. Екінші студент Алматы қаласының қызы болатын. Сондықтан, жастайымыздан санамызға сіңірген отбасылық талап пен мектеп қабырғасында дәріс берген ұстаздарымыздың берген тәлімдерінің негізінде институтты «үздік дипломмен» тәмамдап шықтым.

Сол кездегі мемлекеттік талап-жоғары сыныпқа өткен оқушыларды мақта теруге алып кететін. Қыркүйек айының басынан желтоқсан айына дейін мақта теріп, оқу бағдарламасындағы барлық тапсырмаларды оқу жылының екінші жартысында меңгеріп шығатынбыз. Институт қабырғасында жүргенімде де сондағы оқытушылар Шымкент облысындағы ауылдардан келген студенттердің біліміне күмәнмен қарап жататын. Олар бізді оқу жылының бірінші жартыжылдығында мақта терумен айналысқандықтан, пәннің толық оқу бағдарламасын меңгеруге қауқарсыз деп ойласа керек. Өз басым институт қабырғасында оқытушылардың бұл күдігін

1-ші семестрдің нәтижесі бойынша сейілте алғанымға қуандым және өзіміз оқыған мектеп қабырғасындағы білім деңгейінің жоғары екендігін сезіндім. Сондықтан, ата-анама, мектеп қабырғасындағы барша ұстаздарыма алғысымды білдіремін.

Институт қабырғасында 1 курста 33 медалист болсақ, мектепте 2 медалист бітіріп шықтық. Менімен бірге мектепті «Алтын медальға» бітіріп шыққан сыныптасым марқұм Кенжеғұл Молданазарова болатын. Ол өзін мектепте де, институт қабырғасында да белсенділік қабілетімен таныта білді. Мектепті бітіріп жатқанымызда шығармамыз қатесіз жазылып, жауабы келгенде қатты қуанғанымыз есімде. Оқуға бірге түстік. Жатақханасына барып, араласып та тұрдық. Жатақханада курстас қыздарына сабақ жағынан көмектесіп жататын. Өкініштісі - ол жап-жас шағында «Желтоқсан» оқиғасының құрбанына айналды.

Қазіргі қоғамның талабы өте жоғары. Біз Кеңес үкіметінің талабына сай білім алсақ, қазіргі қоғам әлемдік озық үлгідегі білім деңгейін қажет етеді. Қазіргі талап-бәсекеге қабілетті болу. Жаһандану дәуірінде жастар озық технологияларды меңгерумен қатар, озық ойлау қабілетіне де ие болуы тиіс. Оның ішінде тіл мәселесі алғашқы орында. Өзіміз де ата-ана ретінде Алла берген 3 ұл, 4 қызымызды қазіргі қоғам талабына сай тәрбиелеудеміз. Болашақ білімді жастардың қолында болғандықтан, ұл-қыздарымызды әлемнің ондығына кіретін жоғары оқу орындары мен мектептерінде оқытып, білімге қатты назар аударып жатқан жайым бар.

Мектеп туралы ой түйген уақытта, балалық шағымыз өткен ауылымыз, еріксіз еске түседі. Ауылдағы кездер уайымсыз балалық дәурен болғандықтан шығар, өте қызық еді. Күндіз суга түссек, кешкісін ауылдағы клубқа барып кино көретінбіз. Жоғары сыныпта сыныптастар қаржы жинап, ансамбль құрамын жасақтаумен аудандық жарыстардың жүлделерін иеленетінбіз. Ауылымыздың айналасына мақта, жоңышқа егілуші еді. Түнде совхоздың жоңышқасына бие арқандап, таң атар-атпас алып кететін әрекеттеріміздің бәрі сол ауылдың бір көрінісіндей боп, жадымызда сақталып қалды.

Өзіміз бітірген мектептен жылына бірнеше ауыл жастары түлеп ұшуда. Сол жастар өмірде бір дәрежеге жету үшін, әрбір уақыттың өз үлесі бар екендігін білсе екен деймін. Мектеп қабырғасындағы алтын уақыттары тиімді пайдаланып, ата-аналарының үмітін ақтай білгенін қалаймын. Өзім ауылдың азаматы, Жамбыл орта мектебінің үздік түлегі әрі ғалым ретінде артымыздан өсіп келе жатқан жастарға: «Әрқашан өздеріңнің ішкі деңгейлеріңді үздіксіз көтеріп, қорықпай алдарыңа биік мақсаттар қоя біліңдер және сол мақсаттарға жетудің жолдарын ойластыра біліңдер!» дегім келеді.

Нүридин Мүсірұлы ЖАРБӨЛОВ-

мектептің 1975 жылғы түлегі, техника ғылымдарының кандидаты. (15 қыркүйек, 2015 жыл)



Ұстаздардың жақсылығын айту - азаматтық әрі шәкірттік па-

Жамбыл орта мектебінің қазіргі ғимаратының оқушыларды қамту шеңбері 1967-68 жылдары қалыптасты. Ол кезде біз 2 сыныпты аяқтап, 3 сыныпқа көшкен едік. Мектеп Қараспан совхозының 4 және 5 бөлімшесінің орталығына орналасқан болғандықтан, шет ауылдардың бастауыш мектептері өз орнында қалып, 5 сыныптан бастап Жамбыл орта мектебіне қатынап оқитын болдық. Сол кездегі мектеп директоры Әбілқайыр Маханбетов болатын. Жергілікті бастауыш мектепті бітіріп, 5 сыныпты «Большевик», «Молотов», «Социализм», «Мақташы», «Жұлдыз», «Бейсен», «Мәдениет» ауылдарынан келген саны 70-тен аса балалармен бастадық. Біз 6 жыл мектеп қабырғасында бірге, ешқандай топқа бөлінбей, балалық пен бозбаланың қалыптасу арасын бірге өткіздік. «Таудың сұлулығына сүйсінгің келсе, алыстан тамашала» дегендей сол кездегі ұстаздардың көсібі дарындылығына, уақыт өткен соң, осы күндерді таң қаламын. Орталықтан жырақта орналасқан осындай шет ауылдарда осыншама дарынды ұстаздар қалай жинақталған. Әсіресе физика, математика, химия, әдебиет пәндерінің ұстаздарының, кезінде білімнен қалаған іргетасы, сол мектепті

бітіріп, ел тізгінін ұстап отырған азаматтар ұмыта қоймас деген ойдамын. Әрине, бес саусақ бірдей емес, оқуға құштарлармен қатар жалқаулар да болатын. Бірақ, мұғалімдер оларды бөлген емес, солардың ішінен қызушылық танытуға ынтылап балалардың санына қосумен болатын. Біздің сыныптың өзінен әлемдік деңгейдегі екі баулан шығып, ел мерейін өсіріп келеді. Атап айтар болсақ, Айтмырза деген бауырымыз Қазақстан чемпионы болса, Рустем республика танымал атақты баулан. Ауылдағы Оралхан сыныптасымыз абсолюттік чемпион болса, Махамбет деген жігіт те өзінің мықтылығымен көзге түсетін. Мектеп оқулықтарындағы айтылмаған дәлелдемелерді қайдан қалай алатындарына таң қалатынбыз, өйткені мектеп кітапханасын толығымен ақтарсақ та ол кісілердің келтірген мысалдарын таппайтынбыз.

Мектептегі балалықпен істеген бір оқиға есіме түседі де тұрады. Қаныбеков Әбдіхалық екеуіміз бір партада отырамыз. Тыныш отырмағандықтан, болу керек екеуімізді сабақтан

шығарып жіберді. Содан онда-мұнда тығылып жүргенімізде, оқу ісінің меңгерушісі Тұрсын ағай ұстап алып, Әбдіхалықтың әкесі Әдәһам ағайға әкеліп «міне» деді. Айтқаны бір ақ сөз. Әдәһам ағай екеуімізді жетектеп келіп мұғалімге: «сабаққа қатыса қойсын» деді. Басқа артық сөз болған емес, келешекте біз де ондай тәртіпсіздік жасаған емеспіз.

Жоғарғы оқу орнында оқығанда, өндірісте жұмыс істегенде, жоғарғы оқу орнында сабақ бергенде, десертация қорғағанда, осы мектепте алған білімнің үлесің үлкен екенін сезіп жүрдім. «Өкеңнің атын ұмыт, шешеннің атын ұмыт, бірақ мына қағиданы ұмытпа» деп білімнің деңгейіне деген көзқарасты қалыптастырған Қамбар ағайды, «Осы отырғандардың ішінде Гаус бар екеніне сенемін» деген Тұрсынғали ағайды, «Алтын тостақ осылай бөлінген...» деген Нақыпбек ағайды, шет тілінен беретін Ақбота апайды, Әлішер, Әдәһам, Әнәпия, Түзелхан, Жандар ағайларды сағынышпен еске аламыз.

«Нар тұлға» ұстаздарымыздың бейнесін сағынышпен еске аламыз.

Нурпан Жандарұлы СЕЙІТБЕКОВ-

Жамбыл атындағы орта мектебінің 2006 жылдан бергі директоры. (18 наурыз, 2014 жыл)

Мектепті заманауи жабдықтау - негізгі мақсат

Мен биыл 90 жылдығы тойланатын мектебіміздің 1986 жылғы түлегімін. Еліміз егемендік алған 1991 жылы жұмысқа орналасып, 2006 жылдан бері осы білім ордасын басқарып келемін. Алғашқыда бастауыш, бертін келе жетіжылдық, кейін орта мектепке айналған білім ұясы елге танымал бірнеше азаматтарды тәрбиелеп шығарды. Атап кетер болсам, С.Адамбеков, Д.Исабеков сынды ағаларымыз осы аймақтағы ауыл тұрғындарының арқасүйер азаматына айналған жандар. Мектеп мақтанышы ретінде ғылыми дәрежелерді иеленген бірнеше ғылыми докторлары мен кандидаттары мектебіміздің мәртебесін асқақтатып келеді. Мектеп басшыларына келер болсам, өзіме дейін бірнеше беделді алдыңғы буын ағаларымыздың абыроймен басқарғанын көзбен көрмесек те, ел аузынан естіп жүрміз. Солардың бірі ретінде мектепті 15 жылға жуық басқарған Абдирасилов Нүридин ағайымызды білікті басшы, абыройлы тұлға деп танымын. Ол кісіден шәкірті ретінде терең тәлім-тәрбие алдық.

Ордабасы ауданы бойынша 48 мектеп болса, соның ішінде Жамбыл орта мектебінің өзіндік үлес салмағы басым. Болашақ бағдарламасы негізінде екі оқушымыз республикалық сынақтан өтіп, біреуі Малайзияда, екіншісі Англияда білім алуда. Олар оқуларын бітіріп келген соң, бітіруші түлектерге міндетті бірыңғай ұлттық тестілеуге кірместен таңдаған жоғары оқу орнына қабылдана алатын болады. Жыл сайын министрлік тарапынан ұйымдастырылатын аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларда да оқушыларымыз жүлделі орындарды иеленіп, ұстаздарымызды ұятқа қалдырған емес. Аудан бойынша мектебіміз Ұлттық бірыңғай тестілеуден 10 орыннан төмен түскен емес.

Мектебіміздің мерейлі тойын заман желісіне орай заманауи жабдықталған жаңа ғимаратта өткізсек деген алдымызда үлкен мақсатымыз бар.



Әбдіхалық ӘБДІРАИМҰЛЫ -

мектептің 1978 жылғы түлегі, «Шымкент шоу» ән-би театрының Президенті, айтыскер ақын. (09 сәуір, 2014 жыл).

бірліктің бастауы болып табылады. Үш жүздің баласының басы қосылаынтымағы артқанда, анталаған жауының амалы таусыла берекесі қашқаны тарихтан белгілі.

ды ұшырып шығарды. Солардың бірі ретінде өзіміз де 1978 жылы алтын ұямызбен қимастықпен қоштасқанбыз. Бізге берген тәлім-тәрбиесімен Н.Абдирасилов, А.Ыдырысов, Ж.Сейітбеков, Ш.Маханбетов ағайларымыз бен Әнәпия апайымыз біздің есімде әркез ерекшеленіп тұрады.

Туған жердің тарихы таразыланып, алтын ұяның ерекшелігі екішелегенді дегенді естігенде көкейімді қуаныш көрнеді. Ер мен ердің, ел мен елдің арасын ажырату мақсатында іріткі салу кез-келген жанның қолынан келетіні белгілі. Ал, ердің ерлігі мен елдің бірлігін дәріптеу, сондай-ақ ұшқан ұяны ұлықтау мақсатындағы бастама ұлы мұратқа жетелейтін мардымды іс деп санаймын.

Тектісі жоқ топырақ... топырақ па...!

Кең байтақ қазақ елінің қай өлкесіне барсақ та, «Киелі өлкеге қош келдіңіздер» деген құрметті сөзді естиміз. «Ел иесіз, жер киесіз болмайды» дегендей-ақ, әрбір елдің алып азаматтары мен дара тұлғаларына қарай бағаланса керек. Еліміздің оңтүстік өңірі-тұнып тұрған тарих, шешілмеген шежірелі өлке! Осы өлкедегі Ордабасы топырағы қалың қазақ үшін ынтымақ пен

Қуш атасы-Қажымұқан Мұңайтпасұлы мұражайының да өзіндік мән-мағынасы бар. Қалың қолдан қаймықпаған қара қыпшақ Қобыланды батырдың да Ордабасы топырағындағы Қараспан төбенің етегінде жатқандығын біреу білсе, біреу білмес!... Жүз жасаған жыр алыбының атын иеленген Жамбыл мектебі осы уақытқа дейін бірнеше ұғымы ұшқыр, қиялы қанық ұл-қыздар-

АҚШ ЖӘНЕ АҚТАУ МЕН ҚҰРЫҚ ПОРТТАРЫ: НАЗАРБАЕВ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Нұрсұлтан Назарбаев АҚШ-тың Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру мен қалпына келтіруге қатысуына байланысты Қазақстан аумағы арқылы арнайы жүкті транзитпен өткізуді коммерциялық жолмен қамтамасыз етуін қарастыратын заң жобасына қол қойды, - деп жазады Tengrinews.kz тілшісі. Бұл туралы «Казакстанская правда» газеті хабарлап отыр.



«АҚШ-тың Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыру мен қалпына келтіруге қатысуына байланысты Қазақстан Республикасы аумағы арқылы арнайы жүкті транзитпен өткізуді коммерциялық жолмен қамтамасыз ету туралы үкіметаралық келісімге өзгеріс енгізу протоколын ратификациялау туралы» заңға қол қойылды», - делінген хабарламада. Мұның алдында сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов мәжілісте 2017 жылы АҚШ тарабы Ауғанстанға арнайы жүкті тасымалдау бағытын өзгертуді сұрағанын айтқан болатын.

«АҚШ тарапы Құрық пен Ақтау портын транзиттік бағытқа қосуды ұсынған. Бұл арнайы жүкті Өзірбайжан аумағынан Каспий арқылы Қазақстанға жеткізіп, ары қарай теміржол арқылы Сарыағаш, Келес және Бейнеу - Қарақалпақстан, Өзбекстан арқылы Ауғанстанға жеткізуге мүмкіндік береді», - деген еді министр.

Мұның алдында ресейлік БАҚ-та «Ақтау мен Құрық порттарын да АҚШ-тың әскери базалары орналастырылады» деген ақпарат тарап кеткен болатын. Ресейдегі Қазақстан елшілігі бұл ақпараттың жалған екенін мәлімдеді. Елшілік мәліметінше, мұның алдында Ресей де АҚШ-пен ұқсас келісім жасасып, арнайы жүкті

ТӘТТИ БАЛ ШЫҒЫСҚА ЖОЛ ТАРТАДЫ



бал алып, өнімнің біртектес дәмі мен хош иісін анықтайды.

Инспекциялық топтың Қазақстан Республикасы аумағына шақырылуы – Елбасының отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің экспорттық әлеуетін арттыру, бірінші кезекте агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігін және экспорттық өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерін 2,5 есе арттыру керек, деп қойған тапсырмасын жүзеге асырудың бірден-бір жолы болып табылады.

Қазақстандық бал өндірушілер Қытай нарығына кіреді. Осы мақсатта азық-түлік қауіпсіздігін бақылау және бал өндіретін қазақстандық кәсіпорындарға тексеру жүргізу үшін, қытайлық сарапшылардың инспекциялық тобы Қазақстан Республикасына келді.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің қолдауымен сарапшылар Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы бірқатар бал өнімдерін өндіретін кәсіпорындарды тексереді. Осы инспекцияның қорытындысы бойынша қазақстандық балды Қытай нарығына шығару туралы шешім қабылданады.

2018 жылдың 5 мамырында делегация Алматы облысының Алакөл ауданындағы кәсіпорындарды тексеруді бастайды. Жоңғар-Алатау ұлттық паркінде орналасқан «Лепсі-өнімі» кәсіпорнына тексеру жүргізілді. Кәсіпорын зәкірлі өндіріс үлгісі болып табылады, себебі олар өз омарталарынан басқа, жергілікті омарташылардан да

Сондай-ақ, жұмыс барысында Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері инспекциялық топтың сарапшыларына және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне Республикамыздағы ең ірі асыл тұқымды «Ангус» және «Герфорд» репродукторларын, Алакөл ауданында орналасқан ет комбинаттарымен бірге бордақылау алаңдарын және бекіре тұқымдас балық фермасының жұмыстарымен таныстырды.

Инспекциялық топтың оң қорытындысы отандық тауар өндірушілер үшін дамудың перспективалық бағыттарын ашып, өнімнің көлемін ұлғайтуға, техникалық және экономикалық әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді.

Ақтөбе облысында Қазақстандағы тұңғыш жыл бойы жұмыс жасайтын «Күншуақ» сауықтыру инклюзивті балалар лагері ашылады. Ол Алға ауданы Бестамақ ауылынан 3 шақырым жерде орналасқан «Ақбөбек» жазғы лагерінің жанынан құрылады.

4 мамыр, жұма күні облыс әкімі Бердібек Сапарбаев жұмыс сапары кезінде лагерьдің қайта жөндеу жұмыстарын тексерді.

Қазіргі уақытта лагерь аумағында 9 бір қабатты үй, үлкен асхана, көкөніс қоймасы, монша мен басқа да әкімшілік ғимараттар бар. 1964 жылы салынған «Ақбөбек» лагері Алға балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған. Алайда, соңғы үш жылда олардың санының айтарлықтай төмендеуіне байланысты жазғы маусымда лагерь бос болды.

«Бақытты бала» жобасының аясында «Ақбөбектің» жұмысы қайта жаңғырады. Қайта құрудан кейін мұнда оқушылардың, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың демалуы, дамуы және жетілуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалатын болады. Білім беру басқармасының мәліметтері бойынша бұл - Қазақстандағы бірінші инклюзивті лагерь, ал ТМД елдерінде екінші кезекте тұр. Жобаға 182 млн. теңге бөлінді.

Сондай-ақ, облыс әкімі Бестамақ ауылында «Ақтөбе медресесі» колледжінің құрылғанына 10 жыл толуына арналған мерекелік іс-шараларға қатысты. Бүгінде мұнда 116 жасбiлiм алуда, олар - болашақ теологтар мен дiнтанушылар.

- Өткен жылдан бастап мемлекет басшысы Нұрсұлтан

АҚТӨБЕДЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰНҒЫШ ИНКЛЮЗИВТІ БАЛАЛАР ЛАГЕРІ АШЫЛАДЫ



Әбішұлының тапсырмасымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру басталды. Оның басты міндеті – мәдени және рухани құндылықтарды сақтау және көбейту. Бүгінде Қазақстан халықаралық аренада лайықты орынға ие болды және шүбәсіз саяси салмағы мен қарқынды дамып келе жатқан экономикасы бар. Осы факторлардың барлығын және өлемнің дамыған отыз елінің қатарына ену мақсатын ескере келе жеке ұлттық кодты сақтай отыра қоғамдық сананы жаңғырту қажеттігі пісіп жетілді. Президент белгілеген осы міндеттерге сәйкес біздің облыста, соның ішінде қоғамның руханилығына қатысты бірқатар іс-шаралар жүргізілуде. Және бұл мәселеде «Ақтөбе медресесі» колледжінің маңызы ерекше, осы оқу орны қоғамның рухани өміріндегі діннің шығармашылық рөлін нығайтуға қызмет етуі тиіс, - деді Бердібек Сапарбаев өз құттықтау сөзінде.

Сол жерде өңір басшысы аудан балаларына «Бақытты бала» жобасы аясында демалуға және саяхаттауға жалпы сомасы 13 миллион теңгенің тегін жолдамаларын тарту етті. Атап айтқанда, жүздеген кішкентай алғалық Астана қаласы мен Түркістанның киелі жерлеріне барады, тағы 510 бала «Шипагер» санаторийі мен Ақтөбе облысының шатырлы лагерьлерінде демалады.

Кездесу соңында жергілікті ақсақалдардың бірі Ахмет Аманжол сөз алды. Ол облыс басшылығына аудан тұрғындары мен балаларға көңіл аударғаны үшін алғысын білдіріп, Бестамақ ауылының тұрғындары Ақтөбеде салынып жатқан Қазақстандағы тұңғыш «Аналарға тағзым» рухани-адамгершілік тәрбие беру орталығының құрылысына ат салысқылары келетіндерін жеткізді. Бұл үшін ауыл тұрғындары өз күштерімен 1 миллион теңге

СЕМЕЙДЕ ШЫҒАРЫЛҒАН ЖАҢА АВТОБУСТАР ҚАЛА ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚОСЫЛДЫ



Семейде белсенді түрде қоғамдық көліктер жаңартылуда. Енді қалалық бағдарда тегін WiFi бар, Евро-5 стандартына сай келетін автобустар жүреді.

1-Мамыр, Қазақстан халқы бірлігі күні Семейдің орталық алаңында осы қалада шығарылған жергілікті жаңа өрі жайлы автобустар сап түзеді. Қоғамдық автобустардың жаңаруын семейліктер ұзақ күтті. Былтыр аймақ басшысы қоғамдық көлікке өзі отырып, жүріп қайтқан соң ғана, іс орнынан алға жылжыған еді. 9 ай ішінде Семей өкімдігі оңтайландыру жүргізіп, 39 бағыт бойынша жаңа бағдар кестесін жасады.

-Өткен жылы жаңадан ашылған «Семей» автобус паркі орта санатты 20 автобус сатып алған. Биыл олардың қатары жоғары санатты 15 автобусты толықты. Бұл бағыты жұмыс жалғасатын болады, - деді Семей әкімі Ермек Сәлімов.

ШҚО үлкен қалаларындағы басты мәселе – ешбір талапқа сай келмейтін ескі автобустар. Тасымалдаушыларға желілердегі көліктерді жаңарту туралы тапсырмалар қойылды. Бұдан бөлек, Семейде «Газельдерді» яғни, аса кіші санаттағы көліктерді бағдардан алып тастау туралы шешім қабылданды. Өзірге бір ғана қысқа бағыт – «Жаңа құрылыс пен 18-қосалқы станса» арасында қатынайды. Өкімдікте бұл шешімді қабылдауға аса кіші санаттағы автобустардың жол ережесін сақтамайтындығы себеп болды деп түсіндірді. Қалай дегенмен, «Газельде» жолаушының тұрып қатынауына рұқсат жоқ.

- Сондықтан, Семейдің көлік құрастыратын зауыты біздің өтініш бойынша автобустарды шығаруға дайындалып жатыр. Тасымалдаушылар орта және жоғары санаттағы жаңа автобустар алу туралы келіссөздер жүргізуде. Мәселен, «Таксомоторлы парк» ЖШС жаңа автобус алу туралы келісім жасауда. Ол үшін несие беру жүйесі де қарастырылған. Күн талабына сай болу керек, одан басқа жол жоқ. Қозғалыс құралын жаңартпай, жолаушылар тасымалдау нарығында еш компания жүре алмайды, - деді Ермек Сәлімов.

Евро-5 стандартындағы жаңа автобустардың барлығы тегін WiFi-мен қамтылған, GPS-навигаторы да бар. Ол арқылы қозғалысты бақылауға болады. Сондай-ақ, автобустың орны мен аялдамалар туралы ақпарат беретін автохабарландырушылар орнату жоспарда тұр. Семейде алдағы таңда электрондық билет мәселесі де шешіледі деп күтілуде.

Сот психологиялық-криминалистикалық сараптама адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметтің мүддесі мен оны басқару тәртібіне, мемлекеттің бейбітшілігі мен қауіпсіздігіне, меншігіне, қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығы мен адамгершілікке қарсы жасалған қылмыстық істер бойынша тағайындалады. Криминалистика, лингвистика және т.б. аймақтардан алынған мәліметтерге негізделген сараптамалық білім саласы осы сараптаманың ғылыми негіздері болып табылады.

Аталған сараптама түрі заңмен қарастырылған дәлелдемелердің бір түрі болып келеді. Сот психологиялық-криминалистикалық сараптама істерді шешу үшін маңызы бар мәңжайлар сарапшының арнаулы ғылыми білім негізінде жүргізілген іс материалдарын зерттеу нәтижесінде алынуы мүмкін жағдайларда тағайындалады. Қылмыстық сот ісінде арнайы білімді пайдаланудың ең кәсіби түрі – осы сараптама. Ол қылмыстық істерді тергеу және сот қарауы кезінде тергеу мен соттың танымдық мүмкіндіктерін мейлінше кеңейтіп, қазіргі заманғы ғылыми-техникалық құралдардың барлық арсеналын пайдалануға мүмкіндік береді. Осы жылдың аралығында, ОҚО бойынша сот сараптамалары институтына сот психологиялық-криминалистикалық сараптама бойынша 117-ден аса сараптама тағайындалды.

САРАПТАМА ТАҒАЙЫНДАУ БАРЫСЫНДАҒЫ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР



Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің «Сот сараптамалары орталығы» РМҚК Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша сот сараптамалары институты 75-тен аса сот сараптамалық зерттеулер түрлері бойынша сараптамалар жүргізеді. Соның ішінде жүргізіліп жатқан сараптамалардың бірі - сот психологиялық-криминалистикалық зерттеу.

Криминалистикалық теорияның негізгі ұстанымдарына сай «сот сараптамасы объектілері – заттай дәлелдемелер, құжаттар, адамның денесі мен психикалық жай-күйі, мөйіттер, жануарлар, үлгілер, сондай-ақ сот сараптамасы жүргізілетін іс материалдарында

қамтылған сот сараптамасының нысанасына жататын мәліметтер». Түрлі техникалық құралдардың көмегімен:

а) адамның іс-әрекет жасау кезіндегі физиологиялық және психологиялық (эмоционал-

ды, интеллектуалды, ерікті) ахуалы туралы мәліметтер;

б) адамға белгілі бір ақпарат түрін беруге байланысты және (немесе) қандай да бір іс-әрекеттер арқылы оған тікелей әсер ету арқылы оның жағдайын нақты өзгерту туралы мәліметтер басылған заттар аталмыш сараптама түрінің объектілері болып табылады.

Біздің пікірімізше, сараптаманың осы түрін психологиялық бағыттағы объектілерді зерттеу барысында қаншалықты кино-, видеоматериалдарда басылған адамның психологиялық және коммуникативтік

ерекшеліктері жөнінде, соншалықты, адамның интеллектуалды-еріктік және психоэмоционалдық саласын өзгертуге бағытталған объектілерді жасаушы – автор жөнінде ақпарат беретін реттеуші

қағидалар жүйесі ретінде көрсетуге болады.

Көрсетілген реттеуші қағидалар жүйесі криминалистика мен сот сараптамасы, логикалық, жалпытанымдық, арнайы психологиялық диагностикалық әлістер мен басқа да көмекші құралдар арқылы жүзеге асырылатын жалпы психология мен оның арнаулы салаларын пайдалануға негізделген.

ОҚО бойынша сот сараптамалары институтына сот психологиялық-криминалистикалық сараптама өндірісіне материалдар тек қана Оңтүстік Қазақстан облысынан ғана емес, сондай-ақ, Қазақстанның басқа да аумақтарынан келіп түседі.

Қазіргі кезде, ОҚО бойынша сот сараптамалары институты заңды және жеке тұлғалардың қылмыстық, азаматтық және өкімшілік істер жөніндегі жеке шағымдары бойынша ақылы түрде сот психологиялық-криминалистикалық сараптамалар жүргізеді. Қазақстан Республикасының Әділет министрі 14.03.2018 жылы бекіткен Прейскурантқа сәйкес, сәйкестендіру, диагностикалық және біліктілік міндеттерін шешуге арналған зерттеулер құны-

Нақты мәліметтерді

53-07-15, 53-01-87

сымтетік нөмірлеріне хабарласып алуға болады.

М.СЕЙДУАЛИЕВ,
ОҚО ССИ-ның жетекші сарапшысы.



Жеке тұрғын үй салу үшін алынған жер учаскесінде салуға арналған үйдің жобасы қандай болуға тиіс?

«Жеке тұрғын үй құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 3 қарашадағы N 213 Заңының 3-бабына сәйкес, құрылыс салушы тұрғын үйді белгіленген құрылыс және міндетті қалыптар ережелерді бұзбайтын және республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының сәулет-қала құрылысы қызметімен келісілген кез-келген жоба бойынша салуға құқылы. Белгіленген тәртіппен бекітіліп берілген учаскесінде орналасқан тұрғын үй мен басқа да құрылыстардың көлемін

ЗАҢҒЕРЛІК КЕҢЕС

олардың сыртқы түрқы (соның ішінде билікті) осы құрылыстар, сондай-ақ шектес жер учаскелеріндегі белгіленген міндетті қалыптық, санитариялық, өрттен қорғау және техникалық арақашықтықты қамтамасыз ететін жағдайда жеке құрылыс салушы дербес белгілейді.

Жеке еңбек дауларын қарау тәртібі қандай?

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ 159-б. сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерін және заңды тұлғаның атқарушы органының басшыларын қоспағанда, жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайды.

Келісу комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде ұйымдарда, оның филиалдары мен өкілдіктерінде құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

Келісу комиссиясы мүшелерінің

сандық құрамы, оның жұмыс істеу тәртібі, келісу комиссиясы шешімінің мазмұны мен оны қабылдау тәртібі, келісу комиссиясы өкілеттілігінің мерзімі, делдалды тарту туралы мәселе жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің арасындағы жазбаша келісімде не ұжымдық шартта белгіленеді.

Келісу комиссиясына келіп түскен өтінішті көрсетілген комиссия берілген күні міндетті түрде тіркеуге тиіс.

Дау өтініші берушінің және (немесе) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес берілген өкілеттіктер шегінде ол уәкілеттік берген өкілдің қатысуымен қаралады.

Келісу комиссиясы дауды өтініш тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға және дау тараптарына шешімнің көшірмесін оны қабылдаған күннен бастап, үш күн мерзімде беруге міндетті.

Келісу комиссиясының шешімі, жұмысқа қайта алу туралы дауды қоспағанда, онда белгіленген мерзімде орындалуға тиіс.

Келісу комиссиясының шешімі белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, жұмыскер немесе жұмыс беруші сотқа жүгінуге құқылы.

Келісу комиссиясының тараптары келісу комиссиясының мүшелерін Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негіздеріне, келіссөздер жүргізу машығын дамытуға және еңбек дауларында консенсусқа жетуге жыл сайын оқытуды жүргізуге міндетті.

Кодекстің 160-бабына сәйкес келісу комиссиясына немесе сотқа жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну үшін, мынадай мерзімдер белгіленеді:

1) жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша – жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы актісінің көшірмесі келісу комиссиясына тапсырылған күннен бастап бір ай, ал сотқа жүгіну үшін – реттелмеген даулар бойынша не еңбек шарты тарапы келісу комиссиясының шешімін орындамағанда жүгінген кезде келісу комиссиясы шешімінің көшірмесі тапсырылған күннен бастап екі ай;

2) басқа еңбек даулары бойынша – жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап бір жыл.

Жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну мерзімінің өтуі қаралып жатқан еңбек дауы бойынша медиация ту-



және клиникалық емес зерттеулерді жүргізудің ережесін әзірледі. Мұның ішінде, клиникаға дейінгі және клиникалық базалардың талаптарына қатысты ережелер де қарастырылған. Бұл өз кезегінде елімізде өткізілетін клиникалық зерттеу санының өсуіне ықпалын тигізіп, бөсекеге қабілеттілікті арттырады.

Жаңа бұйрыққа сай биылғы жылдың екінші

МИНИСТРЛІК КЛИНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖЕҢІЛДЕТТІ

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі клиникалық және клиникалық емес зерттеулерді жүргізу және аталған зерттеулердің қорытынды есебін әзірлеу барысында туындайтын әкімшілік кедергілерді төмендету мақсатында арнайы бұйрық шығарды («Медициналық – биологиялық эксперименттер, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық зерттеулерді жүргізу қағидаларын, сондай-ақ, клиникаға дейінгі және клиникалық базаларға қойылатын талаптардың ережесін бекіту туралы» 2018 жылғы 2 сәуіріндегі № 142 бұйрығы).

Денсаулық сақтау министрлігі медициналық-биологиялық эксперименттер, клиникалық

сәуірінен бастап, төменде көрсетілген әкімшілік кедергілер өз күшін жойды:

1. Интервенциялық емес клиникалық және маркетингке дейінгі клиникалық зерттеулерді (4-ші фаза) жүргізу үшін, құзырлы органдардан рұқсат алу қажеттілігін жою.

2. Клиникаға дейінгі зерттеулерді жүргізуге құзырлы органдардан рұқсат алу қажеттілігін жою.

3. Медициналық құралдарға, оның ішінде отандық құралдарға бірорталықтандырылған клиникалық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беру.

4. Медициналық құралдарға клиникалық зерттеулер жүргізу ерекшеліктеріне қосу.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДА САРАПТАМАЛАРДЫҢ НЕШЕ ТҮРІ БАР?

“Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы” Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексінің 57-б. сөйкес денсаулық сақтау саласындағы сараптама азаматтардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласындағы сараптаманың мынадай түрлері:

- 1) медициналық қызметтер көрсету сапасына сараптама;
- 2) еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама;
- 3) әскери-дәрігерлік сараптама;
- 4) сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамалар;
- 5) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама;
- 6) дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптама;
- 7) ғылыми-медициналық сараптама жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу кезінде дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға сараптаманы қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы сараптаманы жүргізуді жеке және заңды тұлғалар тиісті лицензия және (немесе) аккредиттеу туралы тиісті куәлік негізінде жүзеге асырады.

ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ КӨРСЕТУДІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ ҚАНДАЙ?

“Жедел медициналық көмек және санитариялық авиация нысанында медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы”, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 1463 қаулысының 1-т. 4,5-тармағына сәйкес жедел медициналық көмек (бұдан әрі – ЖМК) – денсаулыққа келетін елеулі зиянның алдын алу немесе өмірге төнген қатерді жою үшін шұғыл медициналық көмекті талап ететін аурулар мен жағдайлар туындаған кездегі медициналық көмек ұсыну нысаны.

4. Мыналар ЖМК көрсетудің негіздемелері болып табылады:

1) уақтылы медициналық көмек көрсетілмеген жағдайда жағдайдың ауырлауына немесе өлімге алып келуі мүмкін, өмірге тікелей төнген қауіп;

2) өмірге тікелей қауіп жоқ, бірақ, патологиялық жағдайға байланысты қауіпті кезең кез-келген уақытта басталуы мүмкін;


3) өмірге қауіп жоқ, бірақ қоршаған ортаға тікелей қауіп төндіретін жай-күй.

5. ЖМК көрсетуді қажетті емдік-диагностикалық жабдықпен, дәрі-дәрмектермен жарақталған және дайындалған білікті медициналық қызметкерлермен жасақталған көшпелі бригадалар жү-

Омыртқаның физиологиялық иінінің рөлі

Сау денелі ересек адамның омыртқасының ұзындығы 70 см болады. Әйелдер мен көрі адамдардың омыртқасы бұдан қысқарақ келеді.

Омыртқада алдыңғы, артқы бағытта төрт физиологиялық иін болады. Олар жоғарыдан төмен қарай орналасады; мойын иіні, көкірек иіні, бел және құйымшақ иіні. Бұл физиологиялық төрт



БЕЛ ОМЫРТҚА АУРУЛАРЫ

иін ерекшелігі-тік тұрып жүретін сүтқоректі жануарларға тән. Омыртқа осі сүтқоректілерді серіппедей иіп, тербесті бөсендетіп, дененің орнықтылығын күшейтеді.

Омыртқаның мойын иіні мен бел иіні алдына шығып, көкірек иіні мен құйымшақ иіні артқа қарай шығыңқылау болады.

Эмбрионның алғашқы мезгілінде омыртқа осінің иіні «С» формасында болатындықтан да, адам алғаш туғанда мойын иіні сәл алдына ұмсынулы болып келеді. Ал, омыртқаның бел бөлігі түзу, көкірек бөлігі мен құйымшақ бөлігі әуелгі иінін сақтайды. Жаңа туған бала 2-8 айлығынан бастап басын көтеріп, отырған кезде мойын бөлігінің омыртқасында өзгеріс пайда болып, мойын иіні біртіндеп қалыптасып, бастың денедегі тепе-теңдігін сақтайды. Бала бір жасқа толып, жүре бастаған кезде, бел иіні қалыптаса бастайды, сегізкөз сүйегі тепе-теңдікті сақтап, дененің жоғарғы бөлігінің салмағы жамбас сүйек арқылы аяққа түседі.

Қартайғанда омыртқааралық табақша құрғайды да, омыртқааралық табақша біртіндеп кеміріліп, омыртқааралық жапсары тарылады. Мойын иіні біртіндеп жойылып, көкірек иіні біртіндеп ұлғаятындықтан,

қартая келе, адамдарда бүкірею пайда болады. Ұзақ мезгіл еңкейіп отырып қызмет істейтіндердің, иіліп жүк таситындардың мойын иіні мен бел иінінің физиологиялық иіні түзеліп, соның салдарынан омыртқааралық жапсары мен омыртқааралық ұңғысы өзгеріп, белдің қақсауын әрі бас ауруын туғызады және қол-аяққа қатысты нервтер орналасқан аумақтарда сырқат белгілері пайда болады.

Сондай-ақ, оң қолды көп қимылдатқаннан, омыртқа оң қол бұлшық етінің тарылуынан және қолқа артериясының доғасы мен қолқаның төменгі жағының қысым түсіруінен омыртқаның көкірек бөлімі оң жаққа аздап қисаяды. Бел омыртқа аралығы үнемі сол жаққа қарай томпайып өсіп, сол жақ нерв түбін басады да, сол жақ аяқ ауыратын болады.

Омыртқаның физиологиялық иінінің сіресуі

Қалыпты омыртқа осі мойын иіні, көкірек иіні, бел иіні, құйымшақ иіні деп аталатын төрт бөліктен тұратындығын жоғарыда сөз еттік. Омыртқаның физиологиялық иіні дененің әр бөлімінің тепе-теңдігін сақтауда, қысымды

бөсендетуде маңызды рөлге ие.

Адам жасының ұлғаюына байланысты омыртқаның аралық табақшасында өзгеріс пайда болып, қартайғанда омыртқааралық табақша ядросы құрғайтындықтан, омыртқааралық табақша біртіндеп мүжіліп, жұқарады да, бел иіні біртіндеп жойылады. Бел омыртқаның физиологиялық иіні сіресіп, нәтижесінде қарттыққа төн бүкірею сипаты пайда болады.

Кейбір жас адамдардың бел омыртқасының физиологиялық иінінің сіресуінің басты себептері төмендегідей:

Омыртқаның қисаю себептері

Қалыпты омыртқа сырттай қарағанда түзу болады. Омыртқааралық табақшада өспенің өсуі-дененің нерв түбірін тітіркендіреді. Сырқатынан ауырсынған адамның табиғи түрде ауырмайтын жағына қарай икемделуінен омыртқа қисаюы пайда болады.

Омыртқа қисайғанда сау жағына қарай томпаяды немесе кері жағдай байқалады. Бұл, негізінен зақымданған жердің қысымға ұшыраған нерв түбірімен байланысты. Егер өскен

1. Науқас адам ұзақ уақыт отырса немесе бір қалыптан жазбай қызмет істесе, бел омыртқаның айналасындағы бұлшық ет сіңірі зорығып зақымдалады. Бел омыртқааралық буындарының орнықтылығы нашарлап, бел сіресетін болады.

2. Бел бұлшық еті зақымдалған науқастың белі қатты қақсап ауырып, бұлшық еті түйіліп, сіңірі үнемі тартылатындықтан, дерт бел омыртқаны шаршап, белді сірестіреді.

3. Омыртқааралық табақшасында өзгеріс болып, науқастың омыртқааралық жапсарының алды тарылып, арты кеңейіп, омыртқаның физиологиялық иінінде сіресу пайда болады.

Омыртқаның физиологиялық иіні сірескенде, омыртқа арасындағы жапсарлар тарылып, омыртқааралық табақшаның түсетін қысым ұлғаяды да, омыртқааралық табақшаның өзгеруіне алып келеді. Бел омыртқаның физиологиялық иінінің сіресуі салдарынан пайда болған сырқаттың, дененің жоғарғы бөлігінің тепе-теңдігін сақтау және қысымды бөсендету қызметі төмендейді. Бел омыртқаның физиологиялық иінінің сіресуі-бел омыртқа ауруларын анықтаудың басты негізі.

омыртқааралық табақша нерв түбірінің сыртқы жағында болып, науқастың омыртқасы сау жағына қарай қисайса, өспенің нервті тітіркендіруі азайып, ауырғаны бөсендейді.

Егер омыртқа зақымданған жағына қисайса, онда аяғы шымырлап ауырады. Кей жағдайда өскен омыртқааралық табақша нерв түбірінің ішкі жағында (қолтық асты) болып, науқастың омыртқасы сау жағына қисайса, нерв түбірінің тітіркенуін күшейтеді де, аяқ шымырлап ауыратын болады. Егер ауырған жағына қарай қисайса, онда ауру сезімі азаяды. Өскен омыртқааралық табақша нерв түбіне тірелсе немесе екеуінің арасы езіліп кетсе, қалай қисайса да ауырады. Бұл жағдай көбінесе белдеменің 4-5 буын омыртқааралық табақшасы өскенде байқалады. Белдеменің 5-буынынан сегізкөздің 1-буынына дейінгі омыртқааралық табақшасы өскендер жанына қисайғанда, ауырғаны онша білінбейді. Бұл белдеменің 4-буын омыртқасының 5-буын омыртқаға қарағанда біршама икемділігінен болады.

Академик Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫНЫ

«Бел омыртқа аурулары» кітабынан үзінді.

Түркі жұрты бас қосқан тарихи шараға Кастамону қаласының әкімі Тахсин Бабаһ пен ТҮРКСОЙ Халықаралық Ұйымы бас хатшысының орынбасары Фырат Пуртаһ және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы қатысып, көрменің салтанатты түрде лентасын қиды.

«Кастамону-Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне 40 жыл толуына орай ұйымдастырылған көрмеге Қожа Ахмет Яссауидің Құл Азимнің хикметтері, шамамен 1845 жылдары жазылған, 326 беттен тұратын Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» кітабының түпнұсқасы, С.Бақырғанидің «Диуан» жазбасы, Яссауи хикметтеріне ұқсас парсы тілінде жазылған Әулие Биделдің «Диуани Бидел» хикметтері, шамамен ХҮІІІ ғ. аяғында түркі тілінде жазылған «Диуани Хикметтен» кейінгі Яссауиге қатысты құнды кітап - Бустан уль-Мухиббин қолжазбасы мен көптеген құнды жәдігерлер жеткізілген.

Түркия Республикасының, Кастамону қаласында Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің «Яссауи мұралары және Түркістан» көрмесі ашылды, деп хабарлады «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің баспасөз қызметі.

Сондай-ақ, Қожа Ахмет Яссауи және Түркістан жайындағы суреттермен қатар Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи, киелі орындарын бейнелетін 100-ден аса туындылар да түркітілдес елдер назарына ұсынылуда.

ТҮРКИЯДА

«ЯССАУИ МҰРАЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН»



04.05.2018 17:30

КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

«Түркістаннан жеткен туындылар барша түркі жұрты үшін ең маңызды жағдай. Қожа Ахмет Яссауидің өмірі мен тарихынан сыр шертетін жәдігерлермен бірге қасиетті бабаның да рухы жеткендей ерекше әсердеміз. Барша Түркия елін, Кастамону қаласының халқы мен бүгінгі жиынға

қатысушы қонақтарды тарихи көрменің ашылуымен шын жүректен құттықтаймын»-деді, Кастамону қаласының әкімі Тахсин Бабаһ.

«Киелі Түркістаннан жеткен тарихи жәдігерлерді құрмет тұтып, бас ие келген халықтың да қарасы өте мол. Айтулы жылдарға орай ұйымдас-

тырылған көрме аясында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі ғана емес, Оңтүстіктің тарихи орындары да кеңінен насихатталуда»-дейді, қорық-музейдің басшысы Н.Ахметжанов.

«Яссауи мұралары және Түркістан» көрмесі ТҮРКСОЙ Халықаралық Ұйымының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 15 мамырына дейін Түркия Республикасының Кастамону, Анкара, Стамбул қалаларында өтетін болады.



Оңтүстік оқушылары грант иегері атанды

Ағымдағы жылы 14 сәуір күні Түркістандағы Ахмет Яссауи университетінде V Республикалық «Яссауи» пәндік олимпиада қорытындысы жарияланды. Білім бөсекесіне қатысқан 77 оқушы университет грантын жеңіп алды.

Президенттің 5 әлеуметтік бастамасының аясында өтіп отырған дәстүрлі Республикалық пән олимпиадасына еліміздің 14 облысынан және Астана, Алматы қалаларынан 11-сыныптың 6500-ге жуық оқушысы қатысқан болатын. Жасөспірімдер 11 пән бойынша білімдерін сарапқа салып, тек үздіктері жеңіске жетті. Оқушыларға тегін сапалы білім алуына мүмкіндік туғызып отырған олимпиаданың мақсаты жастардың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып отыр.

Салтанатты марапаттау рәсімінде университет ректоры, профессор У.Әбдібеков және оқу орынның I вице-президенті М.Куталмыш жеңімпаздарға 1,2,3 дәрежелі ХҚТУ білім гранты дипломы мен сертификатын табыстады. Өз білімдерімен оқ бойы озып шыққан 77 оқушы грант иегері атанды. Жеңімпаздарға ҰБТ-дан 50 баллдан жоғары ұпай жинау шартымен Ахмет Яссауи университетінде шәкіртақысыз тегін білім алу құқығы берілді. Жеңімпаздардың қатарында Шымкент қаласы №90 жалпы орта мектебінің 11-сынып оқушысы Тағаев Айдар да қатысып, бағын сынаған болатын. Ол барлық кезеңдерден жоғары балл жинап, жеңімпаз атанып, грантқа ие болды. Тағаев Айдарды жеңісімен құттықтай отырып, өзі білім алған мектебі мен ата-анасының үмітін ақтап, алда талай жетістіктерге қол жеткізетініне сенімдіміз.

Қазіргі таңда елімізге танымал қаншама гүлама жандар өте көп. Дегенмен, сабақты ине сәгімен демекші, біз жастарымызға оларды танып-білуге мүмкіндік жасауымыз қажет. Міне, сол үшін №49 жалпы орта мектепте «рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ақынның ардақтаған, ел тізгінін ұстаған азаматтарын арқа тұтқан, терең ой, ақыл-парасаттың кені, патша көңілді ұстаздар мен мектеп оқушыларына елімізге танымал тұңғыш қазақ тілінде жазылған «Халықтың көші-қон туралы заңының» авторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, қоғам қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Республикалық білім беру ісінің үздігі Әкім Ысқақ Әбдіқайымұлына арналған «Өмір+Достық=Бақытта!» атты әдеби сазды кеш өткіздік.

Әкім Ысқақ Әбдіқайымұлына арналған «Өмір+Достық=Бақытта!» атты әдеби сазды кешімізге Шымкент қаласына қарасты М.С.Пушкин атындағы балалар кітапханасынан және қалалық білім бөлімінен қонақтар келіп қатысып, Әкім ағаның шығармаларына өздерінің жүрек жарды тілектерін білдірді.

-Жұдырықтай жүрегі жанартаудай атқылап, ұлтым деп соққан, өмірін өнермен өріп, қажыр-қайраты, қасиетті халқынан бастау алған, адам іздеп галамшарды шарлаған Әкім ағаның кеші барша көрерменнің көңілінен шығып, керемет әсер алғандықтары жүздерінен байқалды. Кешімізге келген қонақтармен таныстырып, кешімізді ашып беру үшін, мектебіміздің өркендеуіне үлкен еңбек етіп, өз сүйіспеншілігін ұжымға жеткізе білетін, болашаққа деген жоспары биік, заманауи тұрғыдан көзқарасы терең дамыған, ұжымымыздың сүйеніші-мектеп директоры Утебаева Сәуле Елшібекқызына алғашқы сөз кезегі берілді. Кеш барысында Әкім Әбдіқайымұлының

Тағылымы терең кездесу!

«Ой-шырағдан», «Көңіл қымбат», «Адам іздеп жүрмін» жинақтарынан жүректен шыққан сөздер, ой ұшқындары күнделіктері сырларынан үзінділер оқылды. «Неге екенін қайдам?», «Өмір сұрағы», «Ей, бауырым!» атты қара сөздерін оқушылар өте әсерлі айтты.

Кеш барысында белгілі ақын, сазгер Әкім Ысқақ Әбдіқайымұлының шығармашылығындағы «Көңіл қымбат», «Жансусар», «Көк тудың желбірегені», «Жан-өке», «Әдемі-ай», «Қуантқым келеді», т.б. әндері шырылды. Осы кеште Әкім Ысқақ ерекше шабыттанып, сахна биігінен көрермендерге қарата біршама жыр оқыды, өлеңмен өрілген сөздер төгілті. Ақынның осы кеште, әлі оқырман қолы тимеген, күні кеше баспадан шығып, өз оқырмандарына жол тартқан «Алтыным» атты жаңа туындылар жинағының тұсауы кесілді. Оқырман сұранысымен жарық көріп отырған бұл еңбегіне, әлеуметтік желіде бөліскен ой-толғаулары және түрлі оқиғалардан үзінділер берілген. Ерекшелігі сол, афоризмдердің көбі ізгіліктің, мейірімділіктің пен жылы лебіздің белгісіндей болған «Алтыным» деген қаратпа сөзден басталады. Сонымен-ақ жағымды, жеңіл оқылатын кітап көпшілік оқырманға арналған.

Қарапайым мінезімен, түсінік-түйсігімен, парасаттылығымен ерекшеленген тарихи тұлғаны неге бағаламақсақ.

Әкім аға өкесі Ысқақ атаның: «Адамдарға, жақсылық жасаңдар. Мен мынадай жақсылық жасап едім, ол оның қарымтасын қайтармады, жақсылық істемеді – деп есептеспендер, қарақтарым. Жақсылық жасау, адамның-адамдығын көрсетеді», - деген өсиетін, өмірлік ұста-

нымының ақ туына айналдырған жомарт жүректі, дархан көңілді, мейірімді жан.

Азу тісі балғадай, сөзі мірдің оғындай, айтқыштар барда қасиетті Отанымызды да, аяулы еліміз де бақ дарыған қалпынан айнымақ емес. Өйткені, олар қай кезде де халықпен бірге. Бүгінгі біздің қымбатты қонағымыз Әкім аға да өз халқы, бізбен бірге болды. Әндерін «Нұр-Мұқасан» тобы, белгілі әншілер Жұбаныш Жексенұлы, Меруерт Түсіпбаева, Маржан Арапбаева, Әйгерім Қалабаева, Мамадияр Тәукеев, Асан Пердешов және т.б. орындайды. Міне қаншама еңбек етіп, өзінің болашығы үшін талпынысының арқасында, шынайылығымен биіктен көріне білген, көптеген қызметтер атқарғанына қарамай, адами қадір қасиеттері жоғалмаған. Яғни, қарапайымдылығы мен мейірімділігі және адамгершілігі мол жан екенін барша халық айтпасада көздері анық жетті. Осы іс-шара нәтижесінде мектеп ұстаздары мен оқушылар керемет әсер алғандарын және әрбір сөзінен тәрбиелік мәні кең дамыған, өз өмірлеріне пайдалы екендіктерін сезіп, көкейіне келген сұрақтарына қанағаттанарлық жауаптар алып, қимастықпен қоштасты десем артық болмас еді. Міне Әкім Ысқақ ағамыздың келешек ізбасарлары болмасына кім кепіл. Әрине, осындай азаматтарымыздың көбейуіне шын жүректен тілектеспін. Ал Әкім Ысқақ ағамызға ұзақ ғұмыр, шаңырағына таусылмас бақыт, еңбегіне жеміс, қаламы ұштай түссін деп тілеймін.

Рахила БАРАТ,

Шымкент қалалық №49 жалпы орта мектебінің директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары.



Суретте: М.ЗӘЙТҰНҚЫЗЫ

Ұлы Отан соғысының отты жылдары... Бәйдібек аудандық әскери комиссариаттың тізгінін ұстаған Зәйтүн Самархандағы жауапты қызметте жүргенде, отбасында сүп-сүйкімді қыз дүниеге келді. Бұл-1943 жылдың 9 Мамыры еді.

Перзенті қырқынан шыққанша әрең шыдаған жап-жас келіншек Ұлтуар Өзбекстанға жол тартты. Қолында құндақтаулы нәресте...Екі республиканың арасы жақын дегенімен, өзге елдің топырағына табан тірегенде, көңілі алаңдады... Сонда тәуекелге бел буып, үйден шыққанда тұңғышын ауыртып аламын ба деген ой басына келмегеніне қайран... Бар ықыласы-өке мен баланы жүздестіріп, асыл жарын қуанту еді.

Зәйтүн қызына Мария деп ат қойды. Отағасының жанарына жас алып қуанғанын, перзентін бауырына қысып, қатты толқығанын көргенде Ұлтуар бұл қадамының дұрыс болғанын түсінді. Арада екі ай өткенде әлі төтті қылығы шыға қоймаған қызды бауырына қысып, елге ораларда жүрегі өлденені сезгендей асыл жарының қасынан кеткісі келмеді...

«Ұлтуар, ел басына күн туып тұр... Қаншама боздақтар Отан үшін от кешіп жүр. Майдан даласында болуым керек еді, «Тылда қызмет істеуге тиіссін»- деп қалдырды. Қызым 9 Мамырда дүниеге есігін ашты, ендеше осы күн- мен үшін киелі күн... өмірімдегі ең қымбат сәтім! Елге оралған соң, қызымның туған күнін жыл сайын дүркіретіп тойлайтын боламыз! -ауылға қайтындар. Жаратқан ием жеңіс күні жүздескенді нәсіп етсін!»-деп Зәйтүн Марияның маңдайынан мейірлене піскеді.

Олар қимай қоштасты... Бірақ ерлі-зайыптылар өке пен перзенттің ең алғашқы әрі ең соңғы кездесулері екенін білген жоқ еді...

Небәрі екі апта өткенде көрші елден суық хабар жетті. Зәйтүн күтпеген жағдайда бақилық болып кетіпті... Ұлтуардың көкірегі қарс айырылды! Үш айға енді толған Мариясының бесігін тербетіп отырып, іштей егілді. Көз жасын төгіп отырып, екі жарым ай бұрын Зәйтүннің Самархандағы: «9 Мамыр-мен үшін киелі күн, өмірімдегі ең қымбат сәтім. Елге оралған соң, қызымның туған күнін жыл сайын дүркіретіп тойлайтын боламыз!»-деген сөзін қайта-қайта еске алды. О, тоба, Зәйтүн дұрыс айтқан екен сонда. Мария екі жасқа толғанда, дәл осы күні Ұлы Отан соғысы аяқталып, Берлинде Жеңіс туы желбіреді! Енді жыл сайын қызының туған күні Ұлы жеңіс мейрамы мерекеленеді. Ұлтуар Зәйтүнді қадір тұтатын, сыныптасы, қызын алақанына салып өсіруге серт берген майдангер жігітпен бас қосқан еді... Ол Ұлтуарды қалай сүйсе, қызы Марияны

да жанындай жақсы көрді. Тіршілігінде Зәйтүн замандасына ұмытпай құран бағыштап отырды. Сонда: «Асыл жарыңды аялап, перзентінді мөпелеп өсіремін! Сенің орныңды жоқтатпаймын!»-деген сөзді іштей мың-сан қайталайтын... Мұсақ азаматтық жасады. Уәдесінде тұрды. Тұлымшағы желбіреген қызын аңшылыққа шықса да қасынан бір елі қалдырмады... Талай рет Теректе кездесетін арқар мен қабан аулауға алып барды. Сонда жігітке тән қайсар Марияның әрбір қимылына қызыға қарап, қолдап отырды. Мұсақ қызына жұрт

*Ол-дағы ел сыйлаған жанұядан.
Өмірде көп сыбаға алғаным жоқ,
Алғаннан бергенімнің салмағы көп.
Бір қызым саған қарап бой түзесе,
Жалғанда одан артық арманым жоқ!*
Осы бір екі шумақ жыр шашудың мәнамағынасы қандай десеңізші! «Бір қызым саған қарап бой түзесе, жалғанда одан артық арманым жоқ!». Бұл- ұлағатты ұстаз тәлім-тәрбие берген ұстаздар мен шәкірттердің, ата-аналардың көкейіндегі сөзді дөп басып тұрғандай.
Құрмет биігі-алғыс. Апатайым Мария Зәйтүнова Қазақстан Республикасы білім

Қоғамдық жұмыстың КҰНДЫЗЫ

қызығатындай киім кигізді. Екіншісі бірі сатып ала алмайтын таза теріден тігілген оюлы қызыл етік жүргенде өдемі үн шығарып, Марияның жүрісіне сән беріп тұрды...

Мария бойжетті. Екі қасының арасындағы табиғат қойған қап-қара мең қыздың көркін одан әрі ажарлана түсіретінін жігіттер жағы тез байқады, әрине. «Жанып тұрған от!»-деп сүйсінетіндер көбейді...Сымбатты тұлғасына қолаң шашы, қиылған қасы, мөлдіреген қос жанары, ақ жарқын, ақкөңіл, адал ықылас-пейілімен толығып, таңшолпандай жарқырата түсті. Түр-тұлғасы келісті, адамгершілік қасиеті мол азамат Тұрсын Отаровпен тағдыр тоғыстырғанда, анасындай болған қадірлі енесінің ыстық ықыласына бөленгенде Мария өзін бақытты сезінді. Маңдайы торсықтай ұлдары Марат, Қанат, моншақты қыздары Нәзипа, Өзипа, Индира есімді қыздары дүниеге келді. Өмір жолымен бірге еңбек жолы да шабытты, табысты, жемісті жылдармен ерекшеленді. Бұл сөзімізге 21 жасынан бастап жаңадан құрылған Бөген ауданындағы тұңғыш шаңырақ көтерген оқушылар үйінің директоры болып істеуі дәлел бола алады. Зейнетке шыққанша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, мектеп директоры қызметтерін атқарып, партия ұйымының хатшылығын қоса алып жүрді.

1989 жылдан бастап сайланбалы түрде Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектептің директоры қызметіне тағайындалуы Мария Зәйтүнованың бойындағы әбден шыңдалған қарым-қабілет бар ынтасымен іске кірісуіне ықпал етті. Мектепті гимназияға айналдырды. Гимназия «Кәусар» деген атты иемденді. Аудан түгелі облысқа танымал тірек білім ұясы болды. Бұл туралы басылымдар жарыса жазып, жиі-жиі теледидар көрсетіп жатты...Тынымсыз тірлігінің түйінді жетістіктері көбейді. Ордабасылық отбасыларында Мария апатайымның есімін иемденген қыздар дүниеге келді. Ал, замандасы Қуаныш Оразбайұлының жүрегінен жарып шыққан мына шумақтар Мария Зәйтүнқызының бар болмысын айшықтай түскендей:

*Мария Зәйтүнқызы -Марияжан,
Ақылғың асқан сенің дариядан.
Қызымды тәрбиеңе бердім сеніп,*

беру ісінің үздігі, Ордабасы ауданының құрметті азаматы, кеудесінде «Құрмет белгісі» ордені жарқырайды. Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттардың шегі жоқ...

Өмірінің шуақты күндері көп Мария Зәйтүнова «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының мүшесі. 1997 жылғы Президент сайлауы алдына сайлаушылармен кездесуге келген Нұрсұлтан Назарбаев сенімді өкілі ретінде қолын қысып, ізгі тілек тілегені жанын жадыратып, еңбекке деген құлшынысын арттыра түсті.

Аудандық газетте еңбек етіп жүргенде Мария апатайымның сымбатына, киім-киісіне қызыға қарап, кездескендегі ыстық ықыласына риза болатын едім. Қызмет бабымен облыс орталығына ауысқанда да апайымның әрбір сөтті қадамдарын, жеткен жетістіктерін назардан тыс қалдырмадым. Үстіміздегі жылы «Айғақ» телеарнасынан арнайы барып, телесұхбат алғанда мамандығы бойынша ұстаздық, директорлық қызметтерінен басқа зейнетке шыққаннан кейінгі 15 жыл бойы қоғамдық негізде аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы бола жүріп, ауданда қаншама жақсы істің жаршысы атанғанын естіп, бұрынғыдан да бетер таң қалдым...Сонда апатайымның толғана отырып, ақтарыла сөйлегені сонша, сұхбат 2 сағаттан аса уақытқа созылды... Таспаға түсірілген жазбаны эфирге лайықтап беру үшін, монтажда көп отыруға тура келді... Айтқан өңгімесі мағыналы, атқарған ісі қомақты... Қайсысын қысқартарымды білмей, басым қатты... Лажы болса, бір сөзін де қысқартқым келмейді... Бірақ, бәрін беру эфир талабына сай келмейді. Қанша көп болса да, бір сағатқа әрең сыйдырдық... Менің ұққаным- апайымның тындырған ісі том-том кітапқа да, циклді телехабарларға да арқау боларлық екен!

Сұхбаттың тақырыбын «Қоғамдық жұмыстардың ұйытқысы»-деп атауымның сыры бар. Зейнетке шыққаннан кейін Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасын негізге алып, аудан басшыларына тың ұсыныстармен кіріп, жоқтан бар жасады... «Жоқтан бар жасады...»-дегенге таңданып отырған боларсыз. Шындығы-солай. Мария Зәйтүнқызы Ордабасы (бұрынғы Бөген ауданы) ауданының құрылғанына 40 жыл толу

торқалы тойына тарту ретінде Ордабасы аудандық тарихи-өлке тану мұражайын ашып, көнеден қалған естеліктер-құнды жәдігерлер жинау үшін, тынбай ізденгені-ордабасылықтардың есінде. Мұражай қазіргі таңда облысқа танымал мәдени орынға айналған. Мұражайды аралап көрсеніз, қазақ халқының көне тарихынан сыр шертетін экспонаттар назарды бірден өзіне аударады.

Бюджет қаржысынан қаражат алмай-ақ, аудан орталығынан «Ана» ескерткішінің бой көтеруіне ықпал етті. Алматыдағы өзі оқытып, білім берген кәсіпкер шәкірті Жанар Исакова ұстазының игілікті істі қолға алғанын құптап, бір ауыз сөзге келмей 500 мың аударып жіберуі-апайымның қадірінің арқасы деп түйдім. Мына сәйкестікті қараңыз, жақсылық жасауды Алла нәсіп еткен шәкіртінің отбасында көп ұзамай жылдар бойы зарыға күткен үлкен қуаныш орын алды. Жанар маңдайлары торсықтай егіз ұлды дүниеге әкелді! Оңтүстік Астанадан келген осы сүйінші хабарды естігенде, апатайым Жаратқан иеме мың алғыс жаудырды. Бүгінде қайырымдылық жасаудың жарқын көрінісі ретінде аудан орталығында «Ана» ескерткіші еліміздің өркендеуіне үлес қосып жүрген «алтын құрсақты» аналардың балаға деген мейірім- шапағатын асқақтатып тұрғандай. Тәрбие тақырыбына арналған жинақты жарыққа шығарғанда, тағы да шәкірттері жомарттық жасады. Осы орайда Мария апатайым облыстық кәсіподақ комитетінде басшылық қызмет атқаратын шәкірттері Фани Әжидинұлы Қарабеков пен ауданның Құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз, үнемі тілектес, ниеттес болып жүретін Зәмира Исабекқызы Махановаға да дән разы.

Облыс орталығына отбасымен көшіп кетсе де, аудан орталығындағы қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүреді. Әсіресе, «Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы аясында аудандағы 30 шақты білім ұяларын екі-үш күннің ішінде аралап, насихаттауы-жетістің бесеуін бағындырған ақ жаулықты ана, ұлағатты ұстазға оңай болмағаны анық. Бірақ, апатайым Мария Зәйтүнқызымен бұл тұрғыда әңгімелесе қалсаңыз: «Қоғамдық жұмыс-менің маңдайыма жазылған бақ... Соның арқасында құрметке бөлендім, жасардым десем де болады», -деп жадырап тұрып жауап бергеніне қалайша риза болмайсыз!? Мұндайда апатайыма: «Алла күш-қуат берсін!»-деп іштей тілеп тұрамын.

Иә, облыс орталығына отбасымен қоныс аударса да, Шымкент пен Темірланның арасын алтын көпірге айналдырған ұлағатты ұстаз Мария Зәйтүнқызының қажыр-қайраты, іс-тәжірибесі, өмірлік қағидасы, отбасындағы, ортасындағы сый-құрметі жастарға үлгі-өнеге. Отағасы, бала-шағасының ортасында отырып, жылы жерде, келіннің құйып берген қою қызыл шайын ішіп, жұмсақ көрпенің үстінде теледидар көріп, кітап оқып отырған да жақсы. «Отағасы мен балаларымның өтініші бойынша солай істеймін-ау»-деп қояды апайым әңгіме арасында. «Аудандық әйелдер кеңесінің төрайымына лайық тәрбиелеген шәкіртіңіз бар шығар, апатай»-дедім еркелеп. «Ізбасарым даяр. Ол ауданға үлкен еңбек сіңірген, Ордабасы ауданының құрметті азаматы Гуля Тәйтелиева» дегенде, қуанып қалдым. Иә, замандасым сенімге лайық жан. Қалай шешім қабылдаса да, апайымның өз еркі. Алла бойына қуат, жанына шуақ, темірдей мықты денсаулық, ү-з-а-а-а-а-ақ гүмбір берсін! Бұл менің ғана емес, Мария Зәйтүнованы құрметтеп, қадірлейтін халықтың тілегі. «Көптің тілегі-көл». Ендеше, періштелер «Әумин!» десін!

Шаһаризада ДӘНЕЕВА.

Зілді әзіл...

ЕКІ ЕЛ, ДОС ЕЛ

2018,
Өзбекстанның Қазақстандағы жылы.

2019,
Қазақстанның Өзбекстандағы жылы.

Екі ел ежелден дос,
Бітпеген сыры.

Өзбек дихан, Қазақ шаруа.
Түркінің ұлдарына

Сыйластықта барма дауа!
Қазақ, Өзбекті

Бас қойып қымызбенен
сыйласа,

Өзбек Қазақты,
Мейіз қосқан палауымен

сыйлайды.
Қарағайдың қос бұтағы,

Бірін-бірі қимайды.
Базары да ортақ,

Мазары да ортақ,
Құдандалы жұртпыз.

Ала тақиялар арқалап
Қауын-қарбыз матасымен

келсе,
Қара тақиялылар

Ат мінгізіп, шапан жабады.
Сыйластықтың жолын

табады.
Діл,

Дін,
Тілімізде ұқсас.

Қазақ Нұртас
-Келіндер!

-Келіндер! десе,
Өзбек Умар әкә

-Келиләр!
-Келиләр! дейді.

Олар гой олинләр десе,
Біз нан алыңдар дейміз.

-Ұқсас па?
-Ұқсас!

Өніміз, сөніміз де ұқсас,
Қазақ домбырасымен

қарсы алса.
Өзбек дутарымен қарсы

алады,
Шекарамыз да ортақ.

Жаратқан қолдап,
Екі елді тұтас етіп жаратса,

Қалайша дос болмаймыз?
Мұны аз десеңіз

Ортамызда көк теңіз,
Буырқанған Арал бар.

Екі елдің қамын ойланған
Қос президент,

Назарбаев, Мирзиёвтей
адам бар.

Өзбек басы шекара ашып
Пойыз жүргізсе,

Елбасы құшағын ашып,
Мирзиёвтің омырауына

орден тақты.
Осыны білген екі прези-

дент
Өзбекстанның Қазақстан-

дағы,
Қазақстанның Өзбекстан-

дағы жылы деп,
Достасудың жолын тапты.

Ұзағынан болғай!
Ералхан

ЖЫЛҚЫАЙДАРҰЛЫ.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы шыққалы бері барлық жағынан рухани жаңғыру жүйесі қолға алынғаны белгілі. Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту, заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Өйткені, әр күні көптеген ғылыми жаңалықтарға, терең әлеуметтік өзгерістерге толы. Бұрын оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір студенттің белсенділік көрсететін кезі туды.

Елбасы бағдарламалық мақаласында «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында

БІЛІМДІ ҚҰРПАҚ - БӘДІКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ

білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бөрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», - деп атап көрсеткен болатын.

Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір білімгердің сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Оқыту технологиясы оқыту үрдісіне қажетті әдіс, тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады.

Қазіргі кездегі білім беру сапасы білімгердің әртүрлі әрекет саласында өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндікті қамтамасыз ететін, қалыптасқан негізгі құзіреттілік түріндегі білім нәтижелерімен түсіндіріледі.

Сондықтан, бүгінгі таңда ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекеті мен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті, отбасындағы, қоғамдағы, еңбек ұжымындағы әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы

тұлғаны қалыптастыру. Жалпы құзіреттіліктің сипаты қандай екендігіне тоқталып өтсек, кейбір сөздіктерде құзіреттілікке белгілі бір зат, құбылыс жөнінде пайымдауға, салмақты да беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру ретінде түсіндірме берілген. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін ұстаздың құзыреттілікті тәсілдерді меңгеруі, білім беру мазмұнын жетілдіруі қажет және жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалануда жоғары нәтиже береді деген сенімдеміз.

Жанат СҮЛЕЙМЕНОВА,

МАҚСАТ ҚОЮ ЕРЕЖЕСІ



Психологтардың тәжірибесіне сүйенсек, көптеген проблемалар адамдардың өз алдына мақсатты дұрыс қоя білмегендігінен туындайды. Демек, егер мақсат на шар анықталса, оған қол жеткізу тым қиын. Әзірше, мақсат қоюдың екі ережесі aigak.kz сайтынан назарларыңызға ұсынып отырмыз.

1. Мақсат оңды құрастырылуы қажет – яғни, бұл сіздің қаламайтыныңыз емес, алғыңыз келетініңіз болуы міндетті. Мысалы, «мен өзімді мазақ еткенді қаламаймын» емес, «мен өзімді өзіме сенімді адам ретінде көрсеткім келеді». Демек, мақсатты құрастыру аз, оны дұрыс құрастыру маңызды.

Кезінде генерал Эйзенхауэр өз жауынгерлеріне «Егер бізге ештеңе бөгет болмаса» емес, «Біз табысқа жеткен кезде» дейді екен.

2. Сіз мақсатты көз алдыңызға жақсы елестетуіңіз қажет. Өзіңіздің бұл мақсатқа қол жеткізуіңіз нені білдіреді? Сіз нені сезінетін, сіз нені көретін, сіз нені еститін боласыз. Өзіне сенімді... (есіміңізді қойыңыз) қалай көрінетінін елестетіңіз, ол қалай сөйлейді, қалай қозғалады, мұнда не сезінеді. Егер өзіңізге қажетті нәтижеге басқа адамдарға байланысты болса, олардың реакциясы қандай: олардың бет-әлпеттерінің қандай болуы қажет, олар не дейді, қандай интонациялар болады және т.с.с.

Алғашқы бапты – барынша саналы, вербалдық бөлік, ол екіншісін – бейсаналық, вербалдық емес бөлік деп айтуға болады. Сезімталдық. Сізге өзіңіздің мақсатыңызға жылжығаныңызда немесе жылжымағаныңызды білу үшін, барынша аңғарымды және сезімтал болуыңыз қажет. Мысалы, сізге өзіңіздің әрекетіңізге жауап ретінде өзіңізде немесе басқа адамдарда болатын өзгерістерді оларды өзіңіздің мақсат туралы пайымдауларыңызбен салыстырып көру үшін, байқай білу қажет.

Икемділік. Өз мінез-құлқыңызда жеткілікті икемді болыңыз. Әрбір жағдайда сізде әрекет ету нұсқалары көбірек болса, мақсатқа жету ықтималдылығы соншалықты үлкен. Ал егер мақсат бағыт, ал сезімталдық ең алдымен кері байланыс берсе, онда икемділік – бұл мүмкіндіктердің кеңдігі.

Сонымен, мақсатқа қол жеткізу үшін мыналар қажет:

- мақсат ептілігі;
- сезімталдық;
- икемділік.

Шие қосымған торти

Қажетті заттар:

- 500 г сүзбе
- 500 г қаймақ
- 500 г шие
- 500 г қант
- 200 г қант қосылған печенье
- 100 г май
- 50 г желатин
- 1 қалташа шие тоңба

Дайындалу тәсілі:

1. Желатинді 400 мл суға бұқтырып қойыңыз. Печеньені ұсақ қылып үгітіңіз.
2. Майды ерітіп, үгітілген печеньеге қосыңыз. Пайда болған қоспадан шелпек нан сияқты шеңбер жасап, арнайы ыдысқа салыңыз.
3. Шие тоңбасын қалташада жазылған тәсіл бойынша дайындаңыз. Ол суығанша тәтті крем жасаңыз. Крем жасау үшін қаймақты және сүзбені қантпен араластырыңыз. Одан кейін суыған тоңбаны қосып, тағы да араластырыңыз.
4. Шиенің жартысын блендерге салып, езіңіз. Пайда болған езбені кремге қосып, араластырыңыз.
5. Шелпек нанның үстіне кремді құйып, тоңазытқышқа салыңыз.
6. Дайын болған торти тоңазытқыштан шығарып, қалған шиелем өрнектеңіз.



Сүт қосымған трюфель

Қажетті заттар:

- 6 ас қасық майсыздандырылған құрғақ сүт
- 4 ас қасық какао ұнтағы
- 2-3 ас қасық қант
- 2 ас қасық сүт

Дайындалу тәсілі:

1. Майсыздандырылған құрғақ сүтті какао ұнтағымен және қантпен араластырыңыз.
2. Дайын болған қоңыр түсті қоспаға 12 ас қасық сүт қосыңыз.
3. Қоспаны араластырып, силиконнан жасалған тақтайға жуандығы 2-3 мм болатындай тегістеңіз.
4. Бұны 15 минутқа тоңазытқышқа салыңыз. Сол уақыт ішінде қоспа кішкене қату керек.
5. Тоңазытқыштан шығарып, төртбұрыштап кесіңіз. Әрбір төртбұрыштан домалатып трюфель жасаңыз. Трюфельдің әрқайсысын какао ұнтағына аунатыңыз.

АКЦИЯ!

АЙГАК телеарнасы жарнамаңызды ұтымды жариялауды ұсынады:

Жүгіртпе жол Акция: 2+1, 3+2, 5+3, 10+6, 20+12

Күндік көрсетілім **70** р е т **1 сөз = 130 тг**

Асығыңыз!



РАХИМА ПЛАЗА

сауда ойын-сауық орталығы

Заманауи үлгідегі базасы арзан сауда орталығы



- Балалар үшін керемет демалыс орын
- Ерлер-әйелдер және балалар киімдері
- Дәріхана мен асхана
- бесікарбалар мен велосипедтер
- бөлме гүлдері мен картиналар
- алуан түрлі ыдыстар, астаулар

Мекенжайы: Шымкент қаласы, «Нұрсәт» м/а.

Жарамсыз деп танылсын

*** Рашид Аида Болатқызы атына «Болашақ» колледжінен берілген студенттік билет жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
*** Жеке кәсіпкер Турабаев

М.Т. атына берілген Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп

АВТОМИР, ОПТОВИК - САУДА ОРТАЛЫҒЫ



- Жатын бөлме жиһазы
- Жұмсақ жиһаз
- Қонақ бөлме жиһазы
- Ас үй жиһазы
- Үстел және орынддықтар

М/Ж: Қонаев гүлз., Т.Рысқұлов к-ң қиылысы. тел.: 8-778-186-55-32

Кеңсеге білімді хатшы қажет

Жалақысы 110 000 теңгеден жоғары

Тел.: 8 707-805-86-08

Хабарландыру

Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, №2 аудандық сотының ұйғарымымен ОҚО, Сарыағаш ауданы, Абай ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі, №7 үйдің тұрғыны азаматша Азимбаева Қалдықыз Қусбековнаның арызымен іс жүргізіп, 08.12.1984 жылы ОҚО, Сарыағаш ауданында туылған қызы Жамалова Лазат Қурбаналиевнаның іс-түссіз жоғалып кетуіне байланысты, қайтыс болды деп жарияланады. Азаматша Жамалова Лазат Қурбаналиевнаның жүрген жерін білетін адамдар жарияланым берілгеннен бастап үш ай мерзімде Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы №2 аудандық сотына (Сарыағаш ауданы, Абай ауылы, Д.Қонаев көшесі, 38 байланыс тел.: 3-06-98) ол туралы хабарлауы тиіс.

ОҚО Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ИЧ-167/4 мекемесінің сенім телефоны

8(7252) 53-78-22

Профессиональный ремонт

стиральных машин только автоматы



Качественно! С гарантией!

Тел: 56-75-03, 8-777-356-34-95

АО Фонд науки, ТОО «Исследовательский центр Eco-product»

- Предпосевная обработки семян
- Увеличение урожайности на 20-25%

Данный проект даст возможность сельхозпроизводителям при использовании нашей технологии получить гарантированные прибавки к урожаю. Дополнительно улучшается качество продукции. Агротехнологии остается неизменной, уменьшается влияния климатических факторов.

Аширов А.М. – научный руководитель ТОО «Исследовательский центр Eco-product» тел.: 8 701-760-

Макашев С.Н. – специалист по коммерциализации
тел.: 8 778-181-68-02, 8 705-704-14-29.
E-mail: RC_ecoproduct@mail.ru



- Предпосевная обработки семян
- Увеличение урожайности на 20-25%

Ремонт телевизоров и спутниковых антенн

Тел.: 56-17-58, 8 702-243-45-54, 8 771-670-72-37

«Айгак» Республикалық газетінің ұжымы еңбек ардагері, Оңтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы Сайлауқұл Бараховаға сіндісі
Ақгүл ЖАПБАРҚЫЗЫНЫ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Кеңсеге жұмыс 8 777-454-08-48,
Работа в офисе 8 777-454-08-48,

Требуются бывшие инженеры по ТБ и педагоги, готовые сменить сферу деятельности.

Тел.: 8 707-825-15-52